Основными задачами коррекционной работы с детьми с ОНР III уровня, являются: работа над звукопроизношением, развитие лексико-грамматического строя речи, фонетического слуха, и формирование связной речи. Одним из способов коррекционной образовательной работы, является использование цифровых технологий. ИКТ позволяет осуществлять работу на всех этапах, привнося новые впечатления.

По мнению Роберта И.В. интерактивные средства обучения, позволяют [6]:

- добиться индивидуальности в процессе коррекционной работы;
- развивать самостоятельность, благодаря контролю самого себя;
- моделировать те объекты, которые тяжело увидеть в современном мире;
- в процессе коррекции получать обратную связь от мультимедийного героя;
- научить детей принимать самостоятельные решения;
- мотивировать дошкольника к выполнению поставленных задач;
- развивать разные виды мышления и т.д.

И.В. Роберт сообщает, что это развитие происходит с помощью: аппаратной техники (компьютеры, ноутбуки, электронные микроскопы, принтеры, сканеры, документ-камеры, звукозаписывающая техника и др.). И программных устройств (тренажеры, поисковая система сети интернет, развивающий пакет пособий и др.) [6].

Применение интерактивных средств в обучении, помогает подходить индивидуально к каждому воспитаннику, формировать особые навыки у детей. Делать процесс коррекции более интересным, наглядным, развивающим, тем самым помогаю детям развивать основные компоненты речи в полном объеме. Обучение с наглядными анимированными изображениями позволяют повысить эффективность коррекционной работы. Дорохова И.А., Трифонова Н.Р. обратили свое внимание, что при выполнении интерактивных заданий, дети чувствуют себя на равных условиях. Большинство перестают испытывать стеснения, и чувство страха, легко вступают в обсуждения. Дети получают заряд положительных эмоций, тем самым знания лучше усваиваются, и ребенок приобретает уверенность в себе и своих силах [1].

Дети заинтересованы цифровыми технологиями. У дошкольников преобладает наглядно-образное мышление, поэтому благодаря цифровизации, знания лучше и быстрее усваиваются. Становление речевых компонентов происходит стремительнее. Дети стараются выполнить задания верно, чтобы увидеть реакцию мультимедийного персонажа и опробовать новый уровень. Педагоги замечают эти особенности, поэтому все чаще отходят от интересов дошкольников, и активно используют в своей работе интерактивные игры, закупая их на различных сайтах. Мы же предлагаем самостоятельно разрабатывать мультимедийные игры в разнообразных программах. Нами была создана авторская мультимедийная игра, для детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня, в программе Microsoft PowerPoint. Данная программа присутствует на многих компьютерах с операционной системой Microsoft Windows.

Программное обеспечение Microsoft PowerPoint, направлено не только на создание и демонстрацию презентаций, а также она позволяет разрабатывать мультфильмы, интерактивные игры, электронные экскурсии, применяя

гиперссылочные и анимационные команды. Электронные пособия могут быть созданы в любой версии, но чем новее год выпуска, тем больше функций предлагает программа. Создавая свой электронный продукт, не стоит забывать про грамотное оформление. Для этого необходимо обращаться к СанПиНу и к современным исследованиям физиологов, врачей, гигиенистов. Е. Глушкова, Л. Леонова, З. Сазанюк, М. Степанова, утверждают, что рациональное время препровождение за цифровыми технологиями вреда детскому организму, не несет.

Основной упор, при создании, делается на изображения и звуковое оформление. В начале игры детей должен встречать мультимедийные персонаж радостными и подбадривающими эмоциями, для привлечения их внимания. Мультимедийный персонаж не должен разговаривать голосом разработчика, следует изменить высоту голоса, для подкрепления интереса у дошкольников. Детям не следует знать, что игру создал их педагог. Голос воспитателя в презентации не вызывает радости у дошкольников. Поэтому, главному герою игры стоит изменить голосовое оформление. При выполнении правильных действий ребенком, стоит использовать звуковые похвальные выражения. В случае неудач, мультимедийный герой должен поддержать ребенка. Таким образом, у детей сохраняется игровая мотивация в процессе коррекционной работы. Звук в игре должен быть приглушен, так как слуховое восприятие у каждого человека свое, а приглушенное звучание будет комфортным для каждого игрока. При желании, можно применить разную громкость звучания, что бы дети могли сами увеличить громкость речи персонажа.

Картинки на слайд помещаются крупного размера, с четким разрешением. Основной объект на слайде выделяется контрастнее, нежели посторонние рисунки. Фоновый рисунок подбирается под тематику игры, берутся детские изображения, спокойного оттенка. Используемые изображения, можно брать из сети интернет или же создавать самостоятельно, например, в программе Procreate. Текста в детской игре должно быть минимальное количество, для читающих детей. Тем самым учитывая индивидуальные образовательные потребности. Текст помещается крупным шрифтом, контрастного оттенка.

При включении интерактивных игр в процессе коррекционной работы, не стоит забывать про правила использования электронных ресурсов. Показ осуществляется на интерактивных панелях, досках, телевизорах. Экран размещается на высоте 1 м до 1,3 м. Стулья у детей должны быть удобные, со спинкой, расставляются в 3–4 ряда, на расстоянии от 2 метров до 5,5 метров. Образовательная деятельность с интерактивом может проводиться не более 2-3 раз в неделю, в дни с высокой работоспособностью (вторник, среда, четверг), не стоит использовать в первый и последний дни недели. В середине коррекционного занятия с детьми проводится гимнастика для глаз, с дидактическим материалом или по воздуху, без использования монитора. Время препровождения за интерактивной игрой составляет 10-15 минут. Если дошкольник посещает учреждение в очках, и противопоказаний не предусмотрено при использовании компьютера, то при работе с интерактивом ребенок должен надевать очки. Время препровождение сокращается до 10 минут. Противопоказано включать детей в электронное обучение, если: у детей присутствует нарушение зрения, сенсорная гиперчувствительность или частные противопоказания. Использование игры на мониторе компьютера с 3 и более детей недопустимо. При работе с компьютером, воспитатель должен находиться рядом с дошкольником [5]. Соблюдая все требования, прописанные в нормативных документах и исследованиях врачей, педагогов, гигиенистов, отрицательного влияния на здоровье детей дошкольного возраста, компьютерные технологии нести не будут.

Мультимедийные игры способствуют развитию познавательных процессов, формированию речевых компонентов: лексики, грамматики, фонетики и связной речи. Электронные ресурсы направлены на формирование мыслительных операций, воображения, фантазии. Они заставляют ребенка мыслить самостоятельно, принимать обдуманные решения. Если интерактивные пособия использовать регулярно, то дети отлично владеют информационно-коммуникационными технологиями. В школьном периоде отлично создают презентации, выступают с проектами, владеют поисковой системой. Можно заметить, что дошкольники, которые самостоятельно используют поисковую систему в сети интернет, быстрее овладевают чтением, не прилагая усилий, и не обращая внимание. Через несколько месяцев дети начинают читать самостоятельно.

Особенно актуальным считается использование ИКТ в процессе коррекционной работы логопедом с детьми с ОНР. Их внимание рассеяно, они не способны долго концентрироваться на одном виде деятельности, они отвлекаются и забывают, о чем шла речь. Интерактивные игры притягивают внимание детей, заставляют задуматься, и создают ситуацию выбора и неожиданности. Каждый раз, дошкольники ждут занятия с мультимедиа. Поэтому логопеды все чаще применяют в своей работе сенсорные столы, и интерактивные игры. Изучив нормативно-правовые документы, исследования отечественных ученых, научную литературу, мы разработали мультимедийную игру «Создайка» в Microsoft PowerPoint 2016, для детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня.

Авторская интерактивная игра разработана с соблюдением требований СанПиН и исследований физиологов, врачей, гигиенистов, она направлена на максимальное сохранение здоровья детей. Электронный ресурс включает в себя разнообразные задания с учетом гендерных и индивидуальных особенностей. Открыв интерактивную игру, главный персонаж приветствует дошкольников и предлагает выбрать гимнастику или игровой материал. Первое поле включает в себя разнообразные гимнастики: артикуляционную, дыхательную и пальчиковую гимнастику. Второе поле предполагает создание своего персонажа (транспорта) или обустройства помещения (квартиры, гаража). На протяжении всей игры, интерактивный герой хвалит ребенка за выполнение заданий, удивляется его вдохновению, и подбадривает в случае неудачи. Каждое действие поясняется персонажем. Если же ребенок не понял задание, он в любой момент может прослушать указание заново.

В первой области, ребенок может выбрать артикуляционную гимнастику. Мальчик Миша и девочка Настя, предлагают восемь разнообразных гимнастик для речевого аппарата: «окошко», «орешки», «часики», «лошадка», «качели», «шарик», «иголка», «дудочка». Ребенок выбирает любую понравившуюся гимнастику, например, «орешки». Игрок автоматически перемещается на новый слайд, и наблюдает Мишу, который демонстрирует правильное выполнение задания, надувая сначала одну щеку, затем другу. Ребенок наблюдает действия персонажа и выполняет с ним автоматически. После выполнения задания, игрок может вернуться на главное поле или выбрать другу артикуляционную гимнастику. Аналогичные игры в каждой артикуляционной гимнастике. Данный игровой набор направлен на формирование качественных движений и определённых положений органов артикуляционного аппарата, требуемых для правильного произношения звуков.

Вторая гимнастика, это дыхательная. Герои подобным образом приветствуют игрока, и предлагают восемь упражнений на выбор: «одуванчик», «тучка», «футбол», «пузыри», «шарик», «дудочка», «снежинка», «лодка». Выбрав, например, задание «одуванчик», дошкольник перемещается на поляну, где растут различные одуванчики. Ребенок выбирает распутившиеся цветы, и сдувает их семена, они разлетаются по

голубому небу и пропадают. Таким образом, игрок может сдуть восемь одуванчиков. В каждом задании задумана своя история, в которой предлагается сдуть, задуть, подуть и т.д. Дыхательная гимнастика, направлена на формирование наиболее глубоких вдохов, сильных продолжительных выдохов, стимулирует мускулатуру губ.

Последняя гимнастика, которая предлагается детям, это пальчиковая гимнастика. В меню аналогично предложено восемь упражнений. Выбирая задание, например, «зайчики», дети наблюдают игру пальцами интерактивных персонажей и слышат стихотворения или прозаический рассказ. Если ребенок знает описанное стихотворение, то совместно с диктором излагает стихотворение. Если рассказ незнаком дошкольнику, то под веселую музыку игрок выполняет пальчиковую гимнастику совместно с мультимедийными персонажами. Цель игровых упражнений, развивать мелкую моторику пальцев и крупную моторику рук.

Вторая область, которая открывается детям после гимнастик, это «Создай свой мир». На выбор предоставлены игровые упражнения для мальчиков и девочек. Девочки могут выбрать: «Собери принцессу» и «Дополни комнату», мальчикам предложено: «Выбери свое авто», «Оформи гараж». Данный игровой набор направлен на формирование умений детей последовательно, творчески составлять описательные, целенаправленные рассказы, сохраняя их композиционную целостность. Упражнения способствуют развитию творческой продуктивности.

«Собери принцессу», данная игра привлекает внимание каждой девочки. Им предлагается выбрать куклу, которую необходимо нарисовать, подобрать прическу и выбрать наряд, одновременно рассказывая про алгоритм своих действий. После выполненных заданий дошкольник составляет рассказ, придумывает имя персонажа, его характеристики и фантазирует дальнейшие действия куклы.

Игровое задание «Дополни комнату», заключается в обустройстве помещения для куклы. Дети выбирают цвет стен, полов, люстру, мебель и т.д., вместе с тем поясняя свой замысел. Создав комнату, аналогично составляется свой собственный рассказ.

Игра «Выбери свое авто» разработана мальчикам по интересам. Дошкольники выбирают понравившуюся марку машины, подбирают разнообразные размеры колес, велосипедные, легковые, грузовые, что позволяет добиться шуточных ситуаций. Так же дети выбирают цвет фар, цвет лобового стекла и т.д. Выбрав автомобиль, мальчики алогично создают рассказ о получившейся машине.

Последнее задание в игровом наборе, это «Оформи гараж», оно разработано по аналогии «Дополни комнату». Перед игроком стоит задача, обустроить гаражное помещение на свое усмотрение, комментируя каждое действие. После выполненных действий, рассказать про свой гараж, и почему именно такое оформление было выбрано.

Таким образом, использование в работе логопеда мультимедийных игр позволяет сохранять у детей положительный настрой на протяжении всей работы. Следовательно, формирование лексико-грамматического строя речи у детей, развитии фонематического восприятия и связной речи проходит ненавязчиво и эффективно. Применение информационно-коммуникационных технологий в ДОО помогает преодолеть интеллектуальную пассивность детей, способствует развитию словаря, формированию грамматической стороны речи, диалогической, монологической речи, воспитанию звуковой культуры речи, ознакомлению с художественной литературой, а также подготовке детей к обучению грамоте [4].

Литература

1. Дорохова И.А. Система работы по использованию информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в образовательном процессе ДОУ для развития ведущих сфер личности детей дошкольного возраста / Инновационные педагогические технологии: материалы междунар. науч. конф. / Н.Р. Трифонова, И.А.Дорохова – Казань: Бук, 2014. - С. 79-82. - Текст: непосредственный
2. Жукова, Н.С. Преодоление задержки речевого развития у дошкольников / Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Т.Б. Филочева. - М.: «Просвещение», 1973. - 222 с. – Текст: непосредственный
3. Левина Р. Е. Основы теории и практики логопедии / Р.Е. Левина. – М.: Альнс, 2013. – 367 с.
4. Михайлова А.И. Применение информационно-коммуникационных технологий в развитии речи дошкольников / Формирование ответов на большие вызовы в контексте психолого-педагогической науки/ О.В. Крежевских, А.И. Михайлова – Шадринск, 2018. С. 84-91 URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=41032221> (дата обращения: 07.02.2021). – Режим доступа: для зарегистрир. пользователей. – Текст: электронный.
5. Постановление Главного государственного санитарного врача Российской Федерации от 20 декабря 2010 г. N 164 «Об утверждении СанПиН 2.4.1.2791-10 «Изменения N 1 к СанПиН 2.4.1.2660-10 «Санитарно-эпидемиологические требования к устройству, содержанию и организации режима работы в дошкольных организациях». URL: <http://rg.ru/2011/07/07/sanpin-site-dok.html> (дата обращения: 07.02.2021). – Режим доступа: для зарегистрир. пользователей. – Текст: электронный.
6. Роберт И. Современные информационные технологии в образовании: - дидактические проблемы; перспективы использования / И. Роберт. – Москва ИИО РАО 2010. – Текст: непосредственный

УДК 372

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ЗАМАНАУИ МОДЕЛІ

Мухаметжанова И.А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Мектептегі мұғалім – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп ер жеткізеді. Ұстаздықтың маңыздылығы мен мәні де ерекше. Ұлағатты ұстаздықтың бойында терең мағына жатыр. Сол үшін де қазіргі мұғалім – ертеңгі болашақ кепілі. Мұғалімдерге үлкен жауапкершілік туын бекем ұстап, өздерінің білімдері мен тәрбиесін келер алдыңғы буынға тапсыру міндеті тұр. Мұғалім мамандығының ішіндегі ең ерекшесі-бұл бастауыш сынып мұғалімі.

Бастауыш сынып мұғалімі – ерекше мұғалім. Ол балалар мен ересектер әлемі арасындағы көпір іспеттес. Ол жеке тұлғаның жетілген психикасының құпияларын өте жақсы біледі, балаларға білім беруді біледі, оны тұлға болуға үйретеді. Бастауыш сынып мұғалімі – бала болашағының негізгі баспалдағы. Бастауыш сынып мұғалімінің жұмысы өзінің маңыздылығымен кез келген басқа жұмыспен салыстыруға келмейді: нәтиже - адам. Яғни, ол тұлға қалыптастырушы жұмысын атқарады. Ол - ең білімді, ең жауапты, ең маңызды мұғалім - отбасы мен қоғамға ең қымбат ұрпақтарымызды қалыптастырады. Ол- өз оқушыларның білімі, бағдары, оның болашағына жауапты адам. [1]

Бүгінгі бастауыш сынып мұғалімі – сабақты ұйымдастырушы, зерттеуші. Шәкіртке білім беру үшін олармен қатар білім алушы, себебі, шәкірт ұстазының олармен бір заманда өмір сүріп, олардың проблемаларын сезіне білуі қажет. Қазіргі таңда әрбір бастауыш сынып мұғалімдерінің өз жұмысында қолданылатын әдістері бар. Осы әдістерің кез-келгені оқушыны дамытып, өмірде өз алған білімі мен дағдысына қолдана алуға жетелейді. Заманауи бастауыш мұғалімі – баланың жеке тұлғасын

қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы тұлға. Сонымен ол бала өмірінде өте маңызды рөл атқарады, өйткені ол-шәкірт үшін айна сияқты. ХХІ ғасыр бастауыш сынып мұғалімі күш-жігерін сала отырып, қиялына ерік бере білетін, шығармашыл тұлға бола білуі керек. [2]

Бүгінгі білім беру саласында көптеген нәрселер өзгерді. Мұғалім – білім саласындағы өзгерістердің бастаушысы, қоғамның дамуына атсалуды адам. Бүгінде әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты берілген мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Заманның талабына бастауыш мұғалімде сай болуы керек. Заманауи бастауыш сынып мұғалімі шығармашылықпен істейтін кәсіби шеберлігі жоғары, өзгеріске дайын жүретін, жанартылған бағдарлама бойынша білім беруге қабілетті бола білу керек. Заманауи бастауыш сынып мұғалімінің моделін құрастыратын болсақ оған бірқатар қабілеттер мен қасиеттер керек. Сонымен ХХІ ғасырдың бастауыш сынып мұғалімі қандай болу керек?

1. Тәуекелшіл Жаңа ғасырдың бастауыш сынып мұғалімі кез келген ауыртпалықты өзіне қабылдай отырып, тәуекелге баруға дайын болу керек. Оның бойындағы осынау қасиеті өзгелерге үлгі болады. Мұғалім ұғымының өзі өзгеге үлгі болуға үйретеді.

2. Психолог Бастауыш сынып мұғалім тек білім беріп қана қоймай, алдында отырған әр шәкірттің психологиясын зерттеу керек. Топтан бөлек, әр шәкіртпен жеке-жеке жұмыс жасау басты талап. Өйткені әркімнің қабілеті әртүрлі. Ал топтық жұмыс кезінде бірін кем, бірін артық көрмегені абзал.

3. Білікті педагог Педагог сөзінің өзі тәрбие мен ұстаз ұғымына етене жақын. Бірақ бастауыш сынып мұғалімінің өзі білікті әрі сауатты педагог болғаны дұрыс. Шәкіртке түрлі әдістер арқылы тәрбие беру, білім суымен сусындату ең маңызды дүние.

4. Көшбасшы Бүгінгі таңда мұғалімдерге тек қана сабақ беріп, лекция оқумен шектелуі шәкіртті қанағаттандыра алмайды. Мұғалім өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса сол ортада көшбасшы бола білу керек. Қоғамды соңынан ертуге қауқарлы, ісіне берік әрі тиянақты болғаны жөн. Көштің басын бастау әрине қиын, дегенмен бұл жаңа дамыған дәуірдің талабы.

5. Заманауи технологияны игеру Классикалық кітаптың, қалам мен қағаздың дәурені өтіп бара жатқаны шындық. Дегенмен кітаптың құндылығын айта отырып, оған шәкіртті қызықтыру үшін бүгінгі бастауыш мұғалімінің басты мақсаты заманауи инфрақұрылымдарды, техниканы меңгеру керек. Соның ішінде компьютердің ішкі жүйесін, офистік бағдарламаларды, электронды тақталарды игеру арқылы жаңа заманға бейім жастардың көңілін алдандыра да, сабақты қызықты өткізе де алады.

6. Рухани бай болу керек Қай елдің болмасын мұғалім дәрежесін көтеріп жүрген жан рухани құндылыққа бай болу керек. Ол сол елдің ұлттық болмысы мен табиғатын бала бойына терең сіңіруге, отансүйгіштікке тәрбиелеуге таптырмас құрал. Ұстаздың жан дүниесі рухани тәлімге толы болса, шәкірттің де одан алар ілімі далаға кетпек емес.

7. Әмбебап мұғалім ХХІ ғасырдың кез келген адам баласына қояр талабы осы. Дегенмен әрбір адамға қалам ұстатып, әріп үйретуші бастауыш сынып мұғалімінің әмбебап болуы әлдеқайда маңыздырақ.

8. Интеллигент Бастауыш сынып мұғалімінің тағы бір қыры өзін ұстауы, киім киісі, жүзінің жарқын бейнесіне дейін көрініп тұруы керек. Әрбір сөзге сауатты, әрбір ісіне жауапты мәдениетті, интеллигентті тұлға болуы керек. Өйткені, оқушылар мұғалімінен әр әрекеттен үлгі алуға асығады. Ал көзін ашқан күннен бастап, үлкен

өмірге қадам басқанға дейінгі үлгі тұтары – мұғалім. Ендеше оның интеллектуалды қабілеті аса маңызды.

Жоғарыда айтып өткен қабілеттер мен қасиеттер заманауи бастауыш сынып мұғалімінің моделін құрайды. Заман ағымына сай мұғалімнің де моделі өзгеріп отыруы тиіс. Себебі, әр кезеңнің өз талабы мен заңдылықтары бар. Саннан сапаға сапар шегу жолындағы мұғалімнің жаңа ғасырға берер жауабы дайын болу керек. Өйткені талабы күшті қоғамның ағысы қатты. Ал сол ағысқа қарсы шәкіртті дайындау тағы да мұғалімнің еңбегі. [3]

Қазіргі заманғы бастауыш сынып мұғалімі - өз ісінің кәсіби маманы, ол көптеген ақпараттарды қалай өңдеу керектігін білетін, қажетті және пайдалы нәрсені таба алатын, сонымен қатар оны оқушыларына ерекше және эмоционалды, көркем боялған түрде ақпарат ұсына алатын болу керек. Қазіргі заманғы бастауыш сынып мұғалімінің маңызды ерекшеліктері - үнемі өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі сынға алу, эрудиция, жаңа заманауи электронды технологияларды игеру және меңгере білуі болып табылады. Қазіргі заманғы бастауыш сынып мұғалімі - бұл үлкен білім қорына ие және үнемі өзін-өзі тәрбиелеумен айналысатын адам ғана емес, сонымен бірге нәзік психолог бола білуі керек. Бастауыш мұғалімі міндетті түрде балалар психологиясын меңгеріп, баланың психологиялық жағдайын түсініп, қиын уақытта көмекке уақытында келуі керек. Заманауи мұғалім ата-аналармен жемісті жұмыс істеуі, оларды баланы тәрбиелеу процесіне қатыстыруы, сонымен қатар кәсіби психологтармен белсенді қарым-қатынаста болуы қажет. Бастауыш сынып мұғалімнің басты қасиеттері - шыдамдылық, төзімділік және өзін-өзі бақылау. Кәсіби маман әрдайым, тіпті күтпеген жағдайларда да жетекші позицияны сақтауға міндетті. Оқушылардың білімін, іскерлігін, іс-әрекетін жүйелі және әділ бағалау өте маңызды. Тек сыйлы адам ғана мұғалім оқушыға ықпал ете алады. Бастауыш сынып мұғалім бүгінде баланың көмекшісі, кеңесшісі және одақтасы. [4]

Қазіргі заман бастауыш сынып мұғалімі әрине шыншыл болуы керек. Балаларға және олардың ата-аналарына, әріптестеріне және өзіне адал. Бастауыш сынып мұғалімнің тағы бір маңызды шеберлігі - ата-аналармен байланыс. Ата-аналар жиналысы қызықты, мазмұнды болуы қажет. Оқушылардың жеке мәселелері барлық ата-аналардың алдында талқыланбауы керек. Баланың жеке қырын ашуға көмектесу, - бұл қазіргі заманғы бастауыш сынып мұғалімнің шынайы миссиясы. Оның қандай пәнді оқытатыны, оның педагогикалық өтілі қанша жыл екендігі маңызды емес, бастысы - баланың қасында ақылды, білімді және оны түсінетін адамы – ұстазы болуы керек.

Бастауыш сынып мұғалімі – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығының құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс. Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да, жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады. Халқымыз әрқашан да, ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», «Адамның адамшылдылығы жақсы ұстаздан болады» деп айтқан ұлы Абай. Ал, Чехтің педагогы Я.А. Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі» деп ұстаздар қауымын жоғары бағалаған. [5]

Болашақтың мұғалімі, ол ертеңгі елдің болашағы, сондықтан сыни тұрғыдан ойлай білетін, еркін сөйлей алатын, ынталы, өз-өзіне сенімді, өз пәнін жетік білетін, өз пәнін шексіз сүйетін, жеке тұлғаны қалай оқыту керектігін білетін маман болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. А. Құсайынов «Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы».
2. І деңгей мұғалімге арналған НҰСҚАУЛЫҚ.
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. Алматы, 2005. - 208 б.
4. Педагогикалық энциклопедия. - Алматы, 2009. - 456 б.
5. Булебаева, А.Б. Бастауыш сыныптың құзырлы мұғалімі – табысты оқытудағы түйінді тұлға. – 2015.

ӘОЖ 378

ТЕСТІЛЕУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНДІРЕТІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ SUNRAV ОРТАСЫНДА ҚҰРУ ЖОЛДАРЫ

Онгарбаева А.Д.

(І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті)

Білім беру жүйесінде түрлі оқытушы құралдар қолданылады: «электрондық оқулық», «электрондық анықтамалық және энциклопедиялар», «мультимедиалық лабораториялар», «Компьютерлік тестілеу» және «тренажерлер» олардың барлығы «Электрондық білім беру ресурстары» (ЭББР) жалпы түсінігіне біріктіріледі. Электрондық білім беру ресурстары деп оқу мақсатындағы белгілі бір пәндік саланың жүйеленген материалдар ендіретін бағдарламалық құралдар, шығармашылық және белсенді қамтамасыз ету оқушылардың осы саладағы білім, білік дағдыларын игеру[1].

Ақпараттандыру жүйесін ары қарай дамыту процесін оқып үйренудің ақпараттық ресурсы болып табылатын оқытуға арналған программалақ құралдары дайындамай жүзеге асыру мүмкін емес. Олардың атқаратын қызметтерінің де ауқымы кең, мысалы, бақылайтын және тест жүргізетін программалар, компьютерлік ойындар, ақпараттық жүйелер, оқыту орталары, электрондық оқулықтар және мультимедиялық программалар.


Қолданатын құралдардың күрделілігіне қарай оны құруға талаптар да артты.


Жоғарғы мектеп кәсіби қызметке мамандарды даярлаумен қатар білім беру үрдісіне ақпараттық технологияларды қолданып инновациялық технологияларды ендіру табылады. Электрондық білім беру ресурстарын құруға қажетті құрал ортасында жұмыс жасау жолдарын қарастырайық.


SunRav BookOffice екі өзіндік қосымшасы бар пакетті ұсынады: SunRav BookEditor – электрондық оқулық құру үшін және SunRav BookReader – электрондық оқулықты оқу үшін.

Өңделген құрылым бойынша SunRav BookEditor қабықшада электрондық оқулық құру үшін келесі іс-әрекетті орындау керек.

Бастапқы іске қосылғанда (бірінші рет) SunRav BookEditor программасының баптауларын жүргізу қажет, нақты орфографияны тексеру (үнсіз келісім бойынша


орысша сөздік қосылмауы мүмкін) [2]. Ол үшін  менюдің сол жақ жоғарғы

бұрышынан таңдап батырма  параметрлер. Пайда болған терезеден баптаулар-редактор – орфографияны тексеру. Пайда болған орфографияны баптаулар параметрі бағанында Сөздіктерден орыс тілі сөздігін активтендіреміз, суретте көрсетілгендей. ОК батырмасын басып орнатуларды қолданып оқулықты өңдеуге көшеміз.




Сурет 1. Орфографияны баптау параметрлері

Мазмұнды өңдеу бағдарламаның сол жақ бұрышындағы біратаулы бағанда жүзеге асады. Мазмұн құрылымымен жұмыс жасау және құру Негізгі панель қосымшасы мен немесе Мазмұны бағанын тышқан батырмасының оң жағындағы сәйкес команданы арқылы жүзеге асады. (сурет 2).







Сурет 2. ЭО мазмұнын өңдеу


2 суретте көрсетілгендей, бөлімдер ретінде тараулар атауларын қолдану ұсынылады, ары қарай ішкі тарауларды құру керек және оқу материалдарын деталдау.

Мазмұнмен жұмыс жасау үшін қабықшада келесідей жұмыс режимдері қол жетімді. Жаңа тарау құру. Жаңа тарау құру үшін  батырмасын Главная/Тарау немесе Alt+Ins пернетақтадан таңдаймыз. Жаңа тарау атауын енгізіп Enter таңдаймыз [3].

Тарауды редактрлеу. Тарау атауын өзгерту үшін:



- Тарауды таңдаңыз. Главная/Тарау қосымшасынан  батырмасын таңдаймыз немесе F2. Жаңа тарау атауын енгізіп Enter таңдаймыз.
- Тараудың ID (номер, тарау атауының сол жағында кескінделеді): Тарауды таңдаңыз. Пернелерді Ctrl+F2 таңдаңыз. Осыдан кейін жаңа ID және Enter.

Кез-келген тарауды BookReader программасы үшін жасырып/көрсетуге болады. Тараудың көрінуін өзгерту үшін: Тарауды таңдап.   Глава 2. жалаушасын қойып немесе алып тастаңыз. Тарауды жою. Тарауды жою үшін: Негізгі/Тарау қосымшасынан  тарауды жоюды растаңыз. Тарауды экспорттау. Тарауды түрлі форматтарға экспорттауға болады: мәтіндік (Юникодты қоса), RTF, HTML, Word.


Тарауды экспорттау үшін: тарауды белгілеп  батырмасын басып. Тарау қосымшасынан Экспорт немесе Shift+Ctrl+E басып экспортталынатын файл типін таңдап файл атауын ендіріп ОК шертеміз.

Тарауларды сорттау. Тарауларды сорттау үшін (Маңыздысы сорттауды қайтаруға болмайды! Сондықтан сортталатын файлдың резервтік көшірмесін сақтап қою қажет):


- Барлық ішкі тарауларды қосып сорттау қажет болса пункт меню 

Бөлім/Сорттау/Рекурсивті меню пунктін таңдаңыз  Тарау/Сорттау/Өсу бойынша немесе  Тарау/Сорттау/Кемуі бойынша өсу немесе кему бойынша сәйкесінше.

Иерархияны визуалды басқару үшін Тарау/ішкі тарау Тарау қосымша панелін қолдану ыңғайлы (сурет 3).



Сурет 3. «Тарау» қосымшасы

Тарау фоны. Тараудың фондық түсін немесе суретін орналастыру үшін: Меню пунктінен  Негізгі /Формат/Фон... немесе Shift+Ctrl+B комбинацияларды. Пайда болған диалогтан фон түсін таңдаймыз. Фон сурет мен оның бетте орналасу әдісін таңдаңыз.

Кілттік сөздер. Әрбір тарауға өзінің кілттік сөздер жиынын беруге болады. Кілттік сөздер бойынша SunRav BookReader программасында өте жылдам іздестіру жүргізуге болады. Кілттік сөздер жиынын беру үшін фраза енгізудің төменгі жағында Кілттік сөздерді таңдаймыз. Бөлек сөздер мен фразалар үтірмен ажыратылуы тиіс.

Электрондық оқулық және Электрондық оқу кешендер алғашында басылым баспасы базасында құрылатын. Даярланған материал толыққанды өзінің электрондық басылым негізінде қолданыла алынатын. Мәтіндік құжатта алдын-ала құрылған оқу материалының SunRav қабықшасында ауысу әдістерін қарастырсақ. Алдында мәтіндік редакторда алдын-ала құрылған оқу материалы ашылады, оның қажетті бөлігі белгіленеді (параграфқа дейін ұсынылады, бұл мазмұнды формалдауды жеңілдетеді) және алмастыру буферіне сақталады[4].


Ары қарай оқулық мазмұнында жаңа тарау/ішкі тарау құрылады (егер қажет болса), бұдан кейін курсор қажетті орынға орналасады. Одан кейін тараудың негізгісінде терезенің төменгі жағында алмастыру буферінен қоюды таңдаймыз, арнайы қою немесе Alt+V комбинацияларын таңдаймыз. Пайда болған терезеде арнайы қою (сурет 19) параметры бағанында стилді сақтау және мәтін сыртқы түрін сақтауды, таңдалған параметрлерді болдыру ОК. Оқу материалдары белгіленген позицияға форматтаудың шығу параметрлерін форматтаусыз қойылады.

Егер әдеттегі қоюды қолдансақ оқу материалдары электрондық оқулыққа үнсіз келісіммен SunRav қабықшасында бапталған параметрмен импортталады. Ары қарай қабықша редакторының құралдарын қолданып (мәтіндік редакторға аналогты) форматтаудың өз стилі қолдану мүмкін ЭО өңдеушіге ыңғайлы болу үшін қабықшада мәтінмен жұмыс жасаудың келесі режимдері қарастырылған. Стилді баптау. Стил-мәтінді немесе абзацты форматтаудың параметрлер жиыны. Стилдер 3 түрлі болады:


- Мәтін мен абзац стилі. Белгіленген мәтін мен абзацты форматтауға әсер етеді.
- Мәтін стилі. Тек белгіленген мәтінді форматтауға әсер етеді.
- Абзац стилі

Стандартты стиль. Арнайы баптауларға ие бағдарламаға тұрғызылған стильдер. Мұндай стиль мысалына: Әдеттегі- үнсіз келісім бойынша мәтінді форматтауды береді; Гиперсілтеме- сілтеме болып табылатын мәтін форматын береді.

Стильдер иерархиялық жүйеге біріктірілген және төменгі стиль жоғарғы стиль параметрін иеленеді. Тек стильдерді қолданып ЭО мәтінін форматтау ұсынылады. Бұл жағдайда егер бүкіл мәтінді форматтау қажет болса стильді редактрлеу жеткілікті және де оны оқулықтың барлық тарауына қолдану. Бұдан бөлек стильді қолдану күрделі форммтатауды беру уақытын қысқартуға мүмкіндік береді: қатарынан келесі батырмаларды басып отырмай, мысалы, қою, көлбеу, Arial қаріп, қара фонда қызыл түсті, тізімнен стильді таңдау қолжетімді. Стильдермен жұмыс. Стильдермен жұмыс


жасау үшін  батырмасын Главная қосымшасынан Стильдер немесе Alt+S.

Стильді редактрлеу үшін (сурет 5) [Изменить](#) | [Сбросить](#) шертіп сәйкес топ параметрі немесе қалпына келтіруді алғашқы күйінде қалдыру үшін.




Сурет 5. Стильді баптау

Жаңа стильді қосу үшін Қосу батырмасын басып және ашылмалы менюден нұсқалардың бірін таңдаңыз: Стильді қосу немесе Стандартты стильді қосу. Бірінші нұсқаны таңдағанда жаңа стиль стильдер тізіміне қосылады. Екінші нұсқаны таңдағанда стандартты стильдер тізімімен диалог пайда болады- қажеттісін таңдаймыз. Стильді жою үшін стильді таңдап Жою батырмасын шертеміз. Стильдер жиынын Файлға сақтау үшін Экспорт батырмасын басып бума мен файл атын таңдап Сақтауды басамыз.



Стильді Файлдан импорттау үшін Импорт батырмасын шертіп керекті импортталатын стиль сақталған Файлды таңдап Ашу батырмасын шертеміз. Әрбір тарау өз жеке стильдер жиынын ендіруі мүмкін. Сондықтан Стильді өзгерткеннен кейін оларды басқа тарауларға сақтау керек. Macromedia Flash бағдарламасында «Компьютерлік желілер» пәні бойынша электронды оқулықты қолдану Электрондық оқулықта теорияда тақырыптың негізгі мазмұны мен мәні жеткілікті мөлшерде түсінікті жазылған. Пайдаланушы тақырып теориясынан өзіне қажетті негізгі білімді ала алады. Программалық өнімді жүктеген кезде электрондық оқулықтың алғашқы беті шығады (6 сурет).



Сурет 6. Электрондық оқулықтың Macromedia флэш ортасында жасалған файлды кескіндеуі

Бастапқы мәзірден келесі команданы орындау Insert-New Symbol (Символдарды-Қою) немесе мына пернелер комбинациясын орындау <Ctrl+F8>. Create New Symbol (Символ құру) диалогтық терезесі шығады. Name (Атау) өрісін белгілеп, Type (Тип) ауыстыру қосқышын орнатып ондағы Button (Батырма) жалаушаны белгілейміз[4]. Бастапқы мәзірден Edit-Preferences (Түзету-Құрамды) командасын таңдап. Диалогтық терезе ашылады Preferences (Құрам). Ол екі бөлікке бөлінген, сол жақта әртүрлі категорияның құрамы, ал оң жақта – құрамның өзі. Үнсіз келісім бойынша General (Барлық) категориясы ашылады (7-сурет) Сурет 7. Лабораториялық тапсырмалар беті On Launch (ашылу кезінде) келесі бір пунктін таңдау арқылы орындалады.

- No Document (Құжатсыз). Мәзір қатары мен панель ашу.
- New Document (Жаңа құжат). Жаңа құжат құру.
- Last Document Open (Соңғы құжатты ашу). Соңғы бағдарламаны аяқтау кезіндегі соңғы істелген жұмыс құжатты ашады.

Show Start Page (Бастапқы парақты көрсету). Берілген командаға орнатылған бастапқы келісім. Бұнда бастапқы парақ ашылады, егер бағдарламаны жіберіп барлық ағымдық терезелерді жасауға болады. Уақыт шкаласы. Уақыт шкаласының құрамында қатардағы кілттік кадрлер және аралық жиынтықтар бар. Сонымен қоса, керекті арақашықтықтар роликтер, анимациялар құруға керекті арнаулы іс-қимыл береді, мысалы бағдарламадағы келесі бетке өткен кезде орындалатын анимациялық түрде. Электрондық білім беру ресурстары өз білімін бағалауға арналған тапсырмаларды қосатын бағалау блогын ендіреді. Білімгерлер оқу жетістіктер деңгейін бағалап, жеке білім алу траекториясын түзете алады. Бағдарламаны өз компьютерімізге не веб-серверге орналастырып және тестті жүктеп қолданушыларды шақырамыз. WEB Class үшін тест tMaker-де құрылады. Сұрақтар жеке құрылады және тек мәтін емес мультимедиа, суреттер, GIF анимация, видео мен аудио элементтерін ендіре алады. Әр

сұраққа баллдық өлшем қоя аламыз. tMaker сұрақтар мен жауаптарын алмастыруға болады, дегенмен бұл функция автоматты түрде активтендірілмейді, тек CTRL+R басу арқылы жүзеге асырылады. iSpring Suite тест редакторындағы тармақталу функциясы жоқ. Бір таңдау, көп таңдау және ашық тест құрастыру мүмкіндігі бар.

Электронды оқу жабдықтарын пайдалану білім беру саласында жаңа бір әдістемелік жүйені қалыптастырып келеді. Осыған орай, электрондық оқулық оқушыларға өз беттерімен жұмыс істеуге толық мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Калдыбаев С.К. Электронные образовательные ресурсы: роль и назначение / С.К. Калдыбаев, А.Д. Онгарбаева // Международный журнал экспериментального образования. – М., 2016. – №11. Часть 2. – С. 159-161
2. Проектирование электронных курсов в инструментальной среде / С.Н. Медведева // Образовательные технологии и общество, 2009.
3. Разработка электронных учебных учебников в программе SunRavBookOffice / Лазько Е.А., Алпеева Л.С. / Материалы Международной студенческой научной конференции / 96-98 стр. 2017.
4. SunRav BookOffice ресми сайты[электрондық ресурс] <https://www.sunrav.ru/>.

ӘОЖ 37.03: 372.881.111.1: 371.33

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Оспанова Ш.С.¹, Кабдушева А.Ж.²

(¹Әл-Фараби атындағы IT лицей Көкшетау қ., ²«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының, Көкшетау қ.)

Әлемдік қауымдастықтың заманауи даму кезеңінде адамзат факторын жандандыру әлемдік прогрестің бір шарты ретінде талап етіледі. Бүгінгі білім берудің мақсаты – дүниетанымы кең, интеллектісі дамыған, білім деңгейі жоғары индивид қана емес, сонымен қатар, көп жағдайда қоғамның болашағы зияткерлік, саяси, мәдени деңгейінің дамуымен байланысты рухани тұлғаны қалыптастыру [1]. Білім беру – оқыту мен тәрбиенің тығыз байланысы. Бұл үрдіс ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, мынандай міндеттерді орындайды: оқушының рухани-адамгершілік, интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, шығармашылық іскерлік сапаларын, өз бетінше оқу әрекетін, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, экологиялық, этикалық, дене мәдениетін қалыптастыру. Бүгінгі таңда қоғам дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл қоғам менталитетінің өзгеруімен және жас ұрпақтың құндылық бағдарларымен байланысты.

Толыққанды және мәдени тұлға болу үшін білім алушылар мыңдаған жылдар бойы ата-бабалары жинаған рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруі керек. Әлемдік мәдени кеңістікке кіретін қоғам мәдениетаралық коммуникация құралдарын іс жүзінде білуі және тиімді қолдануы тиіс. Жоғарыда айтылғандардың негізінде халықаралық кеңістікке қатысушылар үшін шет тілдерін білу үлкен рөл атқарады деп қорытынды жасауға болады. Сондықтан рухани-адамгершілік тәрбие өз нанымдарын әлеуметтік мораль компоненттерімен, жалпы қабылданған моральдық нормалармен

салыстыруға көмектесетін сыни ойлау дағдылары қалыптасқан шет тілі сабақтарында белсенді түрде қалыптасады.

Шет тілін оқыту мен оқып үйренудің маңыздылығы және тәрбиелілік мүмкіндіктерін анықтауда тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы «Тілдердің ұштұғырлығы» мәдени жобасы басшылыққа алынды. Шет тілін оқытудың жетекші мақсаты коммуникативтік, білім беру, тәрбиелік және дамыту қызметтерін жүзеге асыру. Оқушылардың туған елді тануға, қазақстандық патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған: эмоционалдық-мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттер, сонымен қатар олардың қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері, өздерінің жиынтықтарымен қосылып ағылшын тілін оқыту арқылы мектеп оқушыларының елжандылығын қалыптастырудың құрылымдық-деңгейлік моделін құрайды.

Мектептегі шет тілі - оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Шет тілі моральдық жауапты тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеу құралы, қарым-қатынас, таным, басқа мәдениет фактілерін түсіну және түсіндіру, өз мәдениетін түсіну және онымен басқа тілдік қауымдастықтардың өкілдерін таныстыру құралы ретінде әрекет етеді. Гуманистік дүниетанымды қалыптастыру, басқа мәдениет өкілдерін құрметтеу, патриотизм; құндылық бағдарлары, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар жүйесін қалыптастыру; қарым-қатынас, сезім, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі - шет тілін оқыту мақсаттарының негізі деп айта аламыз. Мектептегі шет тілін де, басқа пәндерді де оқыту процесінің құрамдас бөліктерінің бірі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен таныстыруға, эстетикалық және этикалық мәдениетті қалыптастыруға, өзін-өзі тану және өзін-өзі реттеу мәдениетін тәрбиелеуге, өзін-өзі дамыту, психологиялық мәдениетке қажеттілікті қалыптастыруға бағытталған рухани-адамгершілік тәрбиесі болып табылады. Адамгершілік, өз кезегінде, қоғамдық пікірдің, дәстүрлердің, әдеттердің, білім беру жүйесінің және жеке нанымдардың күшімен қолдау тапқан және қолдаған адамдардың мінез-құлқының тарихи қалыптасқан принциптерінің, нормалары мен ережелерінің жиынтығын білдіреді [2]. Адамгершілік тәрбие процесінің өзі - бұл адамгершілік көзқарастардың, нанымдардың, құндылық бағдарларының қалыптасуына, парыздың, ар-ожданның, әділеттіліктің, құрмет пен сүйіспеншіліктің мотивтерімен адамгершілік таңдау жағдайларында басшылыққа алу қабілетін қалыптастыруға ықпал ететін мақсатты, бай және ұйымдасқан педагогикалық процесс [3].

Ағылшын тілі сабағында оқушыларға елжандылық, рухани-адамгершілік және көркем-эстетикалық тәрбие беру оқытудың дидактикалық принциптерін бұзбастан тіл материалының мазмұнын ұтымды түрде қолдану арқылы жүзеге асады.

Шеттілдік білім беруді жаңарту және дамыту келесідей мәселелерге бағытталуы мүмкін:

– үлкен тұлғалық-дамытушы басымдылыққа ие мәдениетаралық парадигма аясында шетел тіліне үйретуге;

– шеттілдік мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында туған елін және оның мәдениетін, сондай-ақ тілін үйреніп жатқан елдің мәдениетін таныстыра алу біліктерін дамытуға;

– оқушыларды шетел тілін меңгеру саласында өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау негіздерімен таныстыруға;

– тілді үйрету және ұлттық мәдениетпен және тілін үйреніп отырған елдің мәдениетін үйрету процесінде өзіндік білім алу потенциалын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға [4].

Ағылшын тілі сабақтарында толеранттылық, қайырымдылық, ұлттық мәдениет мәселелері талқыланады, отбасылық құндылықтар, ерік-жігер қасиеттері, ар-ождан

туралы әңгімелер өткізіледі. Осылайша, диалог барысында сабақта қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Коммуникативті оқыту еңбекқорлықты, табандылықты, белсенділікті, тәуелсіздікті тәрбиелейді және қалыптастырады, қиялды, ойлауды және есте сақтауды дамытатыны сөзсіз.

Сабақ барысында топтық және ұжымдық жұмыс формалары білім берудің ықпал ететін ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай іс-әрекетте оқушылар тапсырманы орындауда жауапты болуға, бір-бірін бақылауға, өзара көмек көрсетуге үйренеді. Оқушыларда ұжымшылдық сезімін дамытады [5]. Жұптық және топтық жұмыс білім алушыларға белсенді өзара бірлесе жұмыс атқаруға, өзара пікір алмасуға, бағалауға және өз көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Оқыту мен тәрбиелеудің тағы бір тиімді әдісі-ойын технологиясы. Г.К. Селевко ойындарды келесідей жіктейді:

- іскерлік ойындар;
- ұйымдастырушылық-әрекеттік;
- рөлдік ойындар;
- инновациялық ойындар;
- дидактикалық ойындар [6].

Ағылшын тілі сабақтарында рөлдік ойын жиі қолданылады, бұл ұжымдық өзара әрекеттесу әдісі болып табылады. Сонымен, рөлдік ойын-бұл әдейі ұйымдастырылған өмірлік жағдай арқылы эмпирикалық жолмен үйренуге мүмкіндік беретін интерактивті әдіс. Рөлдік ойын - бұл оқу және ойын тәжірибесі. Білім алушылар үшін бұл шығармашылық, ал мұғалім үшін шет тілі сабағында қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің бірегей мүмкіндігі: жаңа лексикалық бірліктерді игеру, диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту, монологиялық мәлімдемелерді дамыту, этикет ережелерін үйрету, рухани-адамгершілік және толерантты тұлғаны тәрбиелеу және т. б.

Ойын технологиясын ұтымды іске асыру үшін қойылатын талаптар бар. Ең алдымен, рөлдік ойын қызықты және шынайы қарым-қатынас жағдаятына мүмкіндігінше жақын болуы, білім алушыларды шығармашылық тапсырманы сәтті орындауға ынталандыру керек. Мұғалім ойынды сауатты ұйымдастырып, формасы мен мазмұнын бүкіл сынып немесе топ осы ұсынысты қабылдайтындай етіп ойластыруы керек. Әр қатысушыға ережелерді жеткізу өте маңызды, олардың орындалуы қиялдағы жағдайды түсінуге, ұжыммен үйлесімді қарым-қатынас жасауға және ойыннан ләззат алуға, талаптарды сәтті орындаудан қуаныш алуға үйретеді. Ойынның атмосферасына ерекше назар аудару керек. Ол әсерлі және шығармашылық болуы керек. Оқушы өзін қаншалықты жайлы сезінсе, соғұрлым белсенді болады, сондықтан вербальды қарым-қатынаста ол өзін әртүрлі әлеуметтік рөлдерде сәтті сынап көре алады: берілген рөлге орай жауапкершілікті алады: ересек адам ретінде өзіне отбасының белгілі бір мүшесінің, қандай да бір мамандық иесінің міндеттерін жүктеу, ертегі/мультфильм кейіпкері болу немесе этнографиялық рөлді таңдау [7].

Тілдік материалды игеру тұрғысынан ойын барлық оқушыларды қатыстырып, белгілі бір тақырып бойынша барлық лексика мен грамматиканы меңгеруіне мүмкіндік жасауы керек. Сабақта мұғалім оқушыларға білім берумен қатар, оларды тәрбиелеу міндетін қояды, сондықтан көптеген рөлдік ойындар жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуына бағытталған. Сюжеттік-рөлдік ойын білім алушыда келесі қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі: жауапкершілік, тәртіптілік, серіктесіне көмек пен қолдау көрсетуге дайын болу, әр түрлі іс-шараларға қатыса білу, өз көзқарасын сауатты және жанжалсыз қорғауға, жағдаяттарға сыни тұрғыдан қарауға және ең оңтайлы шешім қабылдауға қабілеттілік.

Рөлдік ойын бірнеше функцияларды орындайды: оқыту (сөйлеу дағдыларын дамыту), тәрбиелеу (оқушыға адамгершілік қасиеттерді сіңіру), ынталандыру

(оқушыларды шет тілінде қарым-қатынасқа итермелейді), компенсаторлық (оқушыларда қарым-қатынасқа деген қажеттілікті жүзеге асыру мүмкіндігі бар). Мұғалімнің де белгілі бір рөлге ие болу мүмкіндігі бар. Ол сценарийші (жетекші), қатысушы немесе бақылаушы бола алады.

Рухани-адамгершілік тәрбие жобалық ойын технологиялары арқылы да сәтті жүзеге асырылады. Бүгінгі күні жаңа стандарттар білім алушылардың үлкен дербестігі мен белсенділігін талап етеді. Оқушылар шығармашылық тапсырмаларды, әсіресе іздеу әрекеттерін өте жақсы көреді. Осылайша, оқушылар ақпаратпен жұмыс істеуді үйренеді – оны табу, дұрыс өңдеу, үлкен көлемнен ең маңызды нәрсені таңдау және материалды құрылымдау. Рухани-адамгершілік тәрбиеге баса назар аударатырып, мұғалім сыныпта ойын технологиясын «My family», «Friendship», «Traditions and customs», «Values», «Professions», «Helping other people», «Learning about the fauna of Kazakhstan» сынды тақырыптарда тиімді қолдана алады. Тақырыптар бойынша құндылықтарды талдау, талқылау арқылы сыныпта жағымды психологиялық ахуал жасайды. Оқушылар өзара сұрақтар қоюы міндетті шарт болып табылады. Бұл әр оқушыны баурап алу, белсенділігін арттыру өз ұстанымын дәлелдеуге үйрету үшін қажет. Осылайша, ойын технологиясы жобалық қызметте сәтті бола алады, яғни, оқушылардың ынтықасы мен пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Аталмыш технологияны қолдану тәжірибесі көрсеткендей, бүгінде қоғамға әртүрлі мәдениеттердің моральдық-этикалық нормаларын білетін, өзге ұлттардың дәстүрлерін құрметтейтін толерантты тұлға қажет. Білім алушыларды тәрбиелеу процесінде шет тілі ерекше орын алады, өйткені бұл тек мектеп пәні ғана емес, сонымен қатар халықаралық диалог құралы. Барлық жастағы оқушылар ойын іс-әрекетін ұнатады және өзін-өзі көрсетуге, даралыққа, көшбасшылыққа ұмтылады. Бұл ағылшын тілі сабағында достық және шығармашылық атмосфера құруға және оқу материалын тиімді игеруге мүмкіндік беретін тиімді технология.

Әдебиеттер

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. – Астана:, 2013. – 81 б.
2. Степаненков, Н.К. Педагогика: учеб. пособие / Н.К. Степаненков. – 2-е изд., испр. и дополн. – Минск: Изд. Скакун В.М., 2001. – 448 с.
3. Царик, И.А. Нравственно-правовое воспитание подростков / И.А. Царик, А.В. Торхова, Н.Ю. Клышевич; под общ. ред. И.А. Царик. – Минск: НИО, 2000. – 120 с.
4. Мүтәлі Ә.Қ. Шет тілін оқыту үдерісінде оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу. / Ә.Қ. Мүтәлі // Түркістан. // kk.convdocs.org/docs/index-11.htmlk. – 2008.
5. Братусь Б.Г. Духовные аспекты теории личности. М.: Просвещение, 1997. – 144 с.
6. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. Том 1 / Г.К. Селевко. – М.: Народное образование. – Москва, 2005. – С. 129-135.
7. Демидова И.Н. Интернет-журнал «Мир науки» / World of Science. Pedagogy and psychology. 2018.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПРОБЛЕМЕ РАЗВИТИЯ НАБЛЮДАТЕЛЬНОСТИ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА НА УРОКАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Ротова Н.А.

*(БУ ВО «Сургутский государственный педагогический университет», г. Сургут,
Россия)*

ФГОС НОО ставит перед педагогами начальной школы многогранную задачу воспитания творческой личности, способной к саморазвитию, что невозможно осуществить без использования потенциала учебных предметов, в том числе и изобразительного искусства. В Примерной ООП НОО в разделе планируемых результатов по изобразительному искусству обозначено, что выпускник научится «изображать предметы различной формы», а для формирования данного умения необходимо уметь «наблюдать, сравнивать, сопоставлять и анализировать простую форму предмета» [7, с. 65]. По мнению исследователя Е.В. Скрипниковой, именно при организации занятий по изобразительному искусству в начальной школе педагогу таким образом необходимо спланировать деятельность учеников, чтобы приучать детей к «новому, совершенному способу наблюдения как целенаправленной, планомерной и рационально организованной деятельности чувственного познания» [9, с. 5]. Кроме того, для выполнения требований ФГОС НОО необходимым условием является использование педагогами начальной школы в образовательной деятельности современных образовательных технологий деятельностного типа, предоставление обучающимся возможности для эффективной самостоятельной работы [7, с. 80], а на уроках изобразительного искусства значительная часть времени, 20-25 минут, отводится на самостоятельную работу обучающихся, что положительным образом влияет на возможность достижения поставленных образовательных задач. Целью данного исследования является теоретическое обоснование использования потенциала уроков изобразительного искусства для развития наблюдательности у детей младшего школьного возраста.

Бағалау-оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижесі болуына ықпал ететін фактор. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Ал бұған негізгі міндеттерінің бірі оқу мақсатына жету үшін критериалды бағалау жүйесін енгізу болды. Өз тәжірибемде бағалау түрлерін қолдану үшін көп оқып түсінуге тырыстым. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың үлгерімі сыныптастарының үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшелінеді. Ұзақ жылдар бойы мектеп қабырғасында жұмыс істеп жүргесін бағалау сабақтың ең маңызды бөлігі екенін білемін. Жаңартылған білім беру бағдарламасының аясында оқушыларыма Жарайсың! Тамаша! Тырыс! Сенің қолыңнан келетініне сенімдімін! Мен сенімен мақтан етемін! деген сөздер арқылы оқушының бойына күш жігер ұялатамын. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады [1].

Қалыптастырушы бағалау. Жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруге дейін тіркеу, анықтау үшін жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында, тоқсан соңында, және білім беру деңгейін аяқтағанда жүргізіледі. Жиынтық бағалау бойынша балл қойылады. Баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Әр білім алушының жұмысы бойынша дискрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Жиынтық бағалау математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу және жаратылыстану мен дүниетану сонымен қатар орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен алынады. Аптасына бір рет болатын пәндерден БЖБ (бөлімнен кейінгі жиынтық бағалау) тек, бір рет алынады. Қалған пәндерден екі және үш БЖБ алынады. Жиынтық бағалау қай пәннен қай күндері өкізілетіні туралы ата аналарға алдын ала хабар беріледі. Ол үшін арнайы кесте жасаймын. Оқушылардың күнделігіне жапсырып қоямын. Сонымен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлау, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жекежұмыс жасау дағдылары, топта және жұппен жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар. Бөлім ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына сәйкес тоқсан барысында бөлім немесе ортақ тақырыптар аяқталған кезде жүргізіледі. Оның өткізу ұзақтығы 15-20 минуттан аспайды. Тоқсандық жиынтық бағалау ұпайы-15 ұпай. Жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау

критерийлеріне сәйкес құрастырылады. Жиынтық бағалауда мұғалім тек өтілген тақырыптарды алу қажет. Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өзі қолдануына болады немесе әдістемелік ұсыныста берген тапсырманы ала алады. Тоқсандық жиынтық бағалау спецификацияға сәйкес болу керек. Спецификация тапсырмалары әдістемелік ұсыныста берілген. Күнтізбелік жоспарда тақырып бойынша сағат қарастырылмаған. Себебі бөлімнен кейінгі жиынтық бағалау сабақ үстінде өткізіледі. Жиынтық бағалауда балл қойылады. Жиынтық бағалау қалай ұйымдастырылады? Оған арнайы сағат бөлінбеген. Жиынтық бағалау тоқсан барысында, бөлім аяқталғанда, тоқсан аяғында өткізіледі. Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу және жаратылыстану мен дүниетану, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен тосан соңында тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары алынады. Сабақ басында алдын ала оқушылар тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсатымен және бағалау критерийімен танысады. Тоқсандық жиынтық бағалаудың ұзақтығы 40 минут болады. ТЖБ орындар алдында оқушы қандай тапсырмалар барын және қандай бағалау критерийі бар екенін білу қажет. Ол күні жаңа тақырып өтілмейді. Білім алушы жұмысты орындағаннан кейін мұғалім бағалау критерийіне байланысты тексеріп ата аналарға рубрика таратады. Ата аналар рубрикамен танысып баланың қай тапсырмаларда қателескенін көріп қолын қояды. Ата аналарға жасалған рубрикада бала қандай тапсырманы қалай меңгергені туралы нақты жазылады. Өзімнің іс тәжірибемнен мысал келтіретін болсам. Әр тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары алынғаннан кейін сараптама жасап отырамын. Яғни әр оқушы қай тапсырмадан қандай балл алды. Максималды балды ала алдыма әлде жоқпа. Қортындысын жасап отырамын. Қандай тапсырмаларда төмен ұпай алды осы бойынша жұмыс жасап отырамын. Ал қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі және үздіксіз жүре отырып мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік беріледі. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға негізгі құқығы бар, оқушыға түсінікті критерийлердің болуы, сол арқылы ол бағалау әрекетін жүзеге асырады, баланың алдында тұрған тапсырманы ересек адамның көмегінсіз бағалау қабілетін дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық жұмыс. Сондықтан оқушылардың оқу жетістігін бағалауда жаңаша әдіс-тәсілдер қолданылып жатырмын. Қалыптастырушы бағалаудың шарттары :

1. Оқушылардың оқу мақсаттарын білуі және түсінуі;
2. Оқушылармен тиімді кері байланыстың болуы ;
3. Оқушылардың өзіндік тану үдерісіне белсенді қатысуы;
4. Оқушылардың бағалау критерийлерін білуі және түсінуі;
5. Оқушылардың өз жұмысын талдай алу білігі мен мүмкіндігі.

Оқушылардың оқу мақсаттарын білуі және түсінуіне қалай жетуге болады:

1. Бастапқы кезеңде мұғалім сабақ мақсаттарын айқындап, оларды оқушыларға түсіндіріп, бірге талқылайды;
2. Күнделікті талқылаулар келешекте оқу мақсаттарын бірге айқындау дәстүріне айналуы мүмкін.

Бағалау критерийлері оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі. Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы. Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге бағалауға мүмкіндік береді;
- Ата-аналармен оқушының оқу жетістіктері бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі; Мен өзім бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан әр сабағымды

оқушыларға қызықты да тартымды етіп құрастыруға тырысамын. Әдіс-тәсілдер өте көп бірақ соның ішінен сабаққа тиімдісін қолдана білу ол мұғалімнің шеберлігі деп ойлаймын. Сол себепті сабақтарымда бағалаудың әр түрін қолданып оқушылардың сабаққа деген уәжін арттырамын. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүріп отырады. Сабақ барысында оқушы материалды жетік түсініп, үлгерім деңгейін арттыру үшін мұғаліммен үнемі байланыста болады. Оқушылар әр істеген жұмыстарына коментарий, ұсыныс алып отырады. Баға қойылмайды бірақ оқушы суммативті бағалауға қанша жетпейтінін біліп отырады. Өзін өзі бағалап отырады. Оқушы сабақтың бағалау критерийі арқылы өзінің сабақ үстіндегі нәтижесін де біліп отырады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақ барысында әр тапсырмадан кейін немесе сабақ соңында әр түрлі бағалау түрлерін қоладамын. Бағалау әдістерінің бірнеше түрлері бар.

Соның ішінде өзім сабағымда жиі қолданатын әдіс-тәсілдерді атап өтетін болсам. Мысалы: «**Ақылды үкі**» әдісі оқушыларға арнайы стикерлер таратып өздерінің таңдаған үкілеріне жапсыру. Ең бірінші үкі ол бәрін жақсы түсіндім, қолымнан келді дегенді білдіреді ал екінші үкі түсіндім бірақ қателескен тапсырмаларым болды. Ал үшінші үкі ол ештеңе түсінбедім дегенді білдіреді. «**Бағдаршам**» әдісі арқылы оқушылар сабақтың соңында немесе тапсырмаларды орындағаннан кейін өздерінің қаншалықты түсінгендіктерін немесе түсінбегендіктерін түстер бойынша көрсетеді. Жасыл түс-бәрін жақсы түсіндім, қолымнан келді. Сары түс-түсіндім, бірақ әлі де түсінбеген жерлерім бар. Ал қызыл түс-мүлдем ештеңе түсінбедім. Сонымен қатар сабақ басында білемін және білмеймін деген екі үлкен қағазға жазылған сөздерді қоямын. Сабақ басталарда оқушылар өткен сабақты кім қаншалықты түсінгендері жайлы осы дөңгелектердің қасына барып тұрады. Мұғалім тақтаға сабақ басында неше бала түсінемін деген жазуда және неше бала түсінбедім деген сөзде тұрғанын санын жазып қояды. Балаларға тапсырмаларымен карточкалар таратылады. Карточканы орындаған бала дайын жауаптары бойынша өзін өзі тексереді және қасындағы оқушыға көмектеседі. Осылайша сабақ соңына дейін оқушылар бір біріне көмектесе отырып жұмыс жасайды. Сабақ соңында қайтадан манағы жазулардың қасына тұрады.

Мұғалім енді сабақ басындағы мен сабақ соңындағы балалар санын салыстырады. Сондай ақ мекн өзімнің сабағымда жиі қолданатын әдіс-тәсілім ол ПОПС формуласы. Бұл формула арқылы оқушылар сабақ тақырыбы бойынша қортынды шешім айтады. Мысалы: «Дені саудың, жаны сау» бөлімінде оқышылар Менің ойымша дені сау адамның жаны да сау. Себебі мен оны былай түсіндіремін: адамның денсаулығы мықты болса оның ішікі жан дүниесі де жақсы болады. Оған мен мынадай мысал келтіре аламын. Біз пайдалы тамақ жеп, спортпен шұғылданып күн тәртібін жасасақ, біздің денсаулығымыз жақсы болады. Сондықтан мен мынадай шешімге келдім: денсаулығың мықты болу әр адамның өзіне байланысты. Міне осындай әдіс-тәсілдер арқылы балалардың тіл байлықтары да артады. «**Табыс ағашы**» әрбір жапырақтың өзіне тән түсі бар: жасыл- барлығын дұрыс істедім. Сары- қиындықтар болды. Қызыл- қателер көп болды. Әр оқушы өз ағашын сәйкес жапырақтармен безендіреді. Қалаулары бойынша жапырақтарға өздерін толғандырған мәселе мен қиындықтарын жазуларына болады. «Сіз кімсіз?» Қатысушылар өздері жауабын қалаған 3 сұрақ жазу керек. Содан соң шеңбер арқылы айнала жүріп, өз сұрақтарына жауап алады. Мұнан соң әрқайсысы өздері жайлы айта бастайды, қалғандары сұрақтары арқылы білген мәліметтері арқылы оны толықтырады. Сабағымда осындай бағалау түрлерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырамын. Бастауыш сынып оқушылары болғандықтан олар сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданған оларға ұнайды. Мысалы сабақтың басында оқушылар сабақтың мақсатымен танысады және сол мақсат арқылы бағалау критерийін өздері шығарады. Сабақтың соңында сол бағалау критерилеріне сүйене отырып әр оқушы өзін өзі және

бірін-бірі бағалайды. Бүгінгі сабақтан не үйрендік, нені білдік? деген сұраққа өздері жауап береді. Мысалы «Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар түстерді көрсетеді және неліктен сол түсті көрсеткенін бағалау критерилерін естеріне түсіре отырып дәлелдейді. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың бойында зерттеушілік және тілдік қорларының молаюы сонымен қатар дәлелдей алуға баулиды.

Білім алу кезінде бағалаудың рөлі ерекше. Сабақтың өн бойында бағалау барысында оқушы жақсы ұпай алуға тырысса, талпынса, бұл деген өзіндік алға ұмтылу, өз әрекетіне деген сенімділіктің пайда болуы. Сонымен қатар оқушы өзінің қатесімен бірге қасындағы сыныптастарының да қателесін көре отырып өзінің бойындағы кемшіліктерді айтқан ұсыныстарды жақсы қабылдауға үйренеді. Топпен жұмыс жасағанда оларға арнайы парақшалар таратып беремін. Топтан бір оқушыны бағалаушы ретінде сайлап аламын. Сол оқушы сабақ бойына тобындағы қатысқан оқушыларды белгілеп отырады. Сабақ соңында қортынды шешім шығарып топпен ақылдаса отырып бағалайды. «Блоб ағашы» әдісі арқылы оқушы сабақ үстінде өзін қай орынға қойғанын көрсетеді. Егер бәрін түсініп тапсырмаларды түгел орындаған болса онда ағаштың басына орналастырады. Ал қиындықтар кездесіп кейбір тапсырмаларды орындай алмаса ағаштың ортасына орналастырады. Сол сияқты ештеңе түсінбеген болса онда ағаштың түбіре немесе артына орналастырады. Міне осындай суреттер арқылы оқушының сабақ үстінде қандай көңіл күйде, қалай жұмыс істеп отырғанын білуге болады. Тақтаға бағалаудың ұпайларын оқушының көз алдында болсын деп іліп қоямын. Алдында тұрған ұпайларға қарап отырып, оқушы жоғарғы 8-10 ұпай алуға ұмтылады. Менің сыныбымда өзіне сенімсіздік тудырып ұялатын оқушылар бар. Міне сол оқушыларымның осындай әдіс-тәсілдердің арқасында сабаққа деген қызығушылықтары артып өз ойларын еркін айта бастағанын байқадым. Ендеше бағалаудың бұндай түрлері қолдану өте пайдалы деп айта аламын.

Сондай ақ бағалау түрлерін қолданбас бұрын бағалау критерийлерін алдын ала дайындап үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін түсіндім. Әриен үлкен нәтижеге жеттім деп ауыз толтырып айта алмасам да бағалау түрлерін қолдану арқылы оқушының бойында өзіне деген сенімділікті ұялатуға болады дей аламын. Бағалау әрекетіндегі басты мақсат-, ұлы педагог М. Жұмабаев айтқандай «өз күшіне сендіруге үйрету» Бұл деген оқушының бойынан өмір деген баспалдақтың биік шыңынан көрінуге жетістікке жетуге ұмтылатын бір талпыныс. Ұстаздық еркен жалықпас үйретуге балаға-дегендей балаға білім беруден жалықпай әрқашан ізденіс үстінде болу керекпіз. Сондықтан да өзіміз таңдап алған мамандығымыздың жолында жүктелген міндетімізді дұрыс атқарып, ақ қағаздың бетіне дақ түсірмей сапалы білім беруге тырысу керекпіз. «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. оқуды, ізденуді тоқтасымен оның мұғалімдігі де жойылады» демекші білім беру мазмұнын жаңарту аясында өз кәсіби біліктілігімізді шыңдап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

Әдебиеттер

1. «Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.
2. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017 ж.
3. Пит Дадли «Оқытудың белсенді әдістері» \ «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013 ж.
4. Р.Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина Оқушы жетістіктерін бағалау \ Әдістемелік нұсқаулық – «Билим», 2012.
5. Ахметова С. «Білім берудің тиімді жолдары.
6. №2 Құзыретті педогог журналы, 2020.

ТЕХНОЛОГИЯ ДӘУІРІНДЕ МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖОЛЫ – МАТЕМАТИКАНЫ КӘСІПКЕ БАҒДАРЛАП КІРІКТІРЕ ОҚИТУ

Суханбердина Г.Х.

(М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі)

Математиканың заңдары мен ережелері табиғаттан, өмірден алынған және ол бүкіл адамзатқа ортақ екені бүкіл әлемге белгілі. Ұлы ғалым Галилео Галилей «Табиғат деп аталатын Ұлы кітаптың тілі – математика» деуі мәңгілік қала бермек.

Қазіргі заман – ғылыми прогрестің қарқын алған заманы. Келешекте ғылым мен білім одан ары күш алып, түрлі жаңалықтардың ашылары сөзсіз. Колледждің математика пән оқытушыларының эксперименталдық - зерттеу концепциясы - колледж қабырғасындағы оқу үрдісінің барлық сатысын білім және ғылыми зерттеулердің тығыз интеграциясына негіздеу. Міне осы мақсатта студенттерді «білім ала отырып - зерттеу», «зерттей жүріп - білім алу» принципі негізінде дайындаудамыз.


Сондай зерттеудің бірі математиканы кәсіпке бағдарлай кіріктіре оқыту. Бұл әдіс оқушылардың болашақта өз мамандығын адаспай дұрыс таңдауға септігін тигізеді деп айта аламын. Себебі оқушының 14–18 жасы өзін – өзі анықтайтын жасы делінген. Кім болсам екен? Қандай болуым керек? Менің қабілеттім нендей нәрсеге келеді? Мен қоғамның сұранысына сай мамандық иесі бола алам ба? Міне әр бір оқушыны осы сұрақтар үнемі мазалайтыны өтірік емес. Жас жеткіншекті қызықтыратын мамандық мындап саналады – олар қандай? Бұған қоса еңбектің түрі адамнан түрлі қасиеттерді талап етеді. Солардың бірі адамнан қарым – қатынасты талап етсе, екіншісі бағынуды талап етеді. Тіпте кей кезде қозғалыстың мәдениетін, зейіннің өткірлігін талап ететіндері де кездеседі. Қызықтыратын мамандыққа сай қасиеттерді меңгермесе не істеуі керек? Осы тектес сұрақтар оқушыны мектеп бітірерде көп мазалайды, асығыс шешім қабылдауға итермелеуі мүмкін. Мұндай олқылықтардың орындалуына жол бермеу, әрі бала қателікке ұрынбауы үшін мұғалім өз сабағын жоспарларда өтілетін тақырыптың мазмұнын терең түсіндіре отырып, игерген білімі өмірде қандай кәсіпке қажет болатынын түсіндіруге, көрсетуге басымдық беруі керек.

Болашақ кәсіби маман иелері – бүгінгі күннің оқушылары десек, ертеңгі өрелі ізденістерді бүгіннен бастап білуі керек. Ол үшін жеке пән мұғалімдерінен оқушылардың бір пәннен алған білімін басқа бір пәнде пайдалана алатындай дәрежеде жұмыс жүргізу талап етіледі. Бұл әрбір оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту қажеттілігін көрсетеді. Ал, қабілеттілік дегеніміз белгілі қызметтің әдіс-тәсілдерін игерудегі тездік тереңдік және икемділік десеніз, онда негізгі роль атқаратын пән – әрине математика. Ал оқушылар бұл пәннен тыңғылықты терең білім алу үшін математиканың өзіндік “философиясын” меңгеруі қажет.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандығын саналы түрде таңдап алу үшін дайындауға бағытталған іс-әрекет десек, онда 5–9 сыныптардағы оқушылар үшін негізгі әдістемелік жұмыс ол – сабақ барысында берілетін кәсіптік ақпарат. Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызымен мәні туралы түсініктер алады. Кәсіптік ақпараттың мазмұны, ұйымдастыру мен әдістері әр жас кезеңінде әр түрлі болады. Сондықтан да мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу керек. Осындай нәзік қатынасты сақтай отырып мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыратын – ол, әрине математика пән мұғалімі. Ол үшін мұғалімге инновация қажет. Инновация — өзгеріс, жаңашылдық,

жаңалық деген ұғымды білдірсе, онда педагогикалық процестегі инновация оқыту мен тәрбиенің түрлері мен тәсілдеріне, мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу. Міне сондықтан біздің колледжде педагогикалық мамандыққа дайындалып жатқан студенттермен бірлесе өндірістік практика кезінде өткізетін сабақтарға инновацияны енгізе отырып кәсіпке бағдарлай кіріктіре оқыту жоспарлары дайындалады. Солардың бірі «Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы» тақырыбына дайындалған сабақ жоспары. Жоспарда студент сабағын медицинамен байланыстыруды ойластырды, ал бұл әдіскердің басшылығымен сәтті шыққан сабақтардың бірі болды.


Біздің М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі 2014 жылдан бастап математиканы ағылшын тілінде оқытуды факультативтік сабақтарға енгізе отырып, 2016 жылдан «Ағылшынша білімі бар математика пәні мұғалімі» біліктілігі бойынша мамандар дайындауды қолға алды. Осы біліктілікпен оқитын студенттерімізде өндірістік практикада өткізген сабақтарына инновацияны енгізе отырып кәсіпке бағдарлай кіріктіре оқыту сабақтарын жүргізді. Нәтижесі көңіл қуантарлықтай. Соның бірі студенттің «Қысқаша көбейту формулалары» тақырыбына өткізген сабағын табиғатпен байланыстыруы.




The Formulas of abridged multiplication


Learning objectives	14. Apply formulas of abridged multiplication for rational calculation 7.2.2.14 Factorize algebraic expressions by the formulas of abridged multiplication 7.1.2.15 Perform identical transformations algebraic expressions by the formulas of abridged multiplication
Evaluation criteria	<ul style="list-style-type: none"> Apply formulas of abridged multiplication for rational calculation; Factorize algebraic expressions by the formulas of abridged multiplication Perform identical transformations algebraic expressions by the formulas of abridged multiplication
Language objectives	Subject-specific vocabulary and terminology: coefficient, power, multiplication, division, polynomials, monomial, addition, subtraction
Assimilation of values	Did you discuss group projects to develop vocabulary. Friendship, moral qualities are increasing.
Preliminary knowledge	Students are familiar with the concept of the letter and rank. Knows the properties of multiplication, division, degrees.


Walking direction




Sanctuary


Aksu Dzhahabagly


Almaty sanctuarv



Barsakelmes



Alakol sanctuary


Semantic card


Task	0	1	2	3	4	5
$(x^2-1)(x^2+1)=x^4-x$	I	U	S	A	B	V
$x^2-9=(x-3)^2$	D	L	A	S	K	R
$x+7=3(x-1)$	R	P	J	S	B	T
$(x+2)^2=x^2+12$	D	A	Y	N	W	Q
$x-10=2(x-5)$	U	N	D	P	J	Q
$(x-2)(x+2)=x^2-x$	P	Q	B	W	R	L
$x+8=3(x-2/3)$	A	D	N	J	W	T


Which of the animals species disappeared in the Ustyurt sanctuary and at the international level protection?


1. Leopard


2. Rush


3. Chardal


4. Argali



Ел басымыз Н.Ә. Назарбаев «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деген тұжырымды ойлары – біздер үшін басты нысана. Ел басы 2050 стратегиясында дамыған 30 елдің қатарына қосылу міндетін қойды. Ол үшін дұрыс ой қорытатын және сауатты экономикалық есеп жүргізе алатын мамандар қажет. Ал бұл мамандар ел үшін қайтарымызсыз байлық десек, осы байлықты дайындайтындар біздер, яғни мұғалімдер. Сондықтан бітіруші студенттер, яғни жас мамандар алдындағы басты міндет – математикалық сауаттылық деп айтар едім. Себебі қоғамның әр азаматы математиканы өзінің қажеттілігіне қарай сауатты, пайдалана алатын дәрежеде меңгеруі үшін, мектептен берілетін білім қатесіз, түсінікті, өмірмен байланысты сипатта болуы қажет. Ал оқушының қажеттілігін қанағаттандыратын оқулық – сапалы, түсінікті, әрі жеңіл болуы керек, яғни оқушының жас ерекшелігіне жауап беретіндей бағдарлама тұрғысында жазылуы керек – деп ойымды түйіндеймін.

Сонымен бірге математикаға үйретудің әдістемелік аспектілерін қарастыра отырып төмендегі әдістемелік нұсқауларды ұсынамын:

- математикаға қызығыңыз, оқушыларыңызды қызықтырыңыз;
- математикалық білімді молайтыңыз, әдістемелік шеберлігіңізді дамытыңыз;
- «Мұғалім-оқушы» тұлғалық бағдарлы байланысын жүзеге асырыңыз;
- оқушылардың ақыл-ой қабілетінің, шығармашылық дарынының дамуына өз әдістемелік қабілетіңізді ұштастырып, шеберлікті тиімді қолданыңыз;
- есеп шығарудың пайдалы жағын бөліп қарастырыңыз;
- аңғарғыштыққа және дәлелдеуге арналған есептерді жиірек қолданыңыз;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысыңыз

Әдебиеттер

1. А. Тажмағанбетов. Сапалы математика., Қызылорда, 2005 ж.
2. Ғ.Х. Суханбердина. Математикалық логика элементтері. Астана, 2006 ж.
3. Ғ.Х. Суханбердина. Жиын теориясы, Оқу-әдістемелік құрал, 3 басылым. Астана: «FOLIANT» баспасы 2016 ж.

ӘОЖ 691.33

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗДЕРІН ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕ, ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУ

Тауасарова Э.К.

*(Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы №3 «Өрімтал»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі)*

*«Басқадан кем болмас үшін біз білімді,
бай һәм күшті болуымыз керек,
білімді болуға оқу керек,
бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек.
Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»
ғұлама ғалым, ағартушы
Ахмет Байтұрсынов*

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіншіліктеріне сәйкес білім білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру. Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, заттық-кеңістік дамытушы орта құру. Балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, балабақша бағдарламасының басты мақсаты мен міндеті.

Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің басты мәселесі-ұлттық салт-дәстүр мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілікке бай, креативті, коммуникабельді, сыни ойлай алатын және командамен жұмыс істей алатын тұлға тәрбиелеу.

Бүгін осы міндеттерді халық педагогикасы негіздеріне сүйене отырып, ұлтымыздың этно педагогикасы мен этнопсихологиясының ең озық жетістіктерін тәрбие өзегі ретінде пайдалану-жас ұрпақтың ертеңгі болашағына игі әсерін тигізері анық. Оның ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Жас жеткіншектерді есті, адал, еңбекқор, парасатты болсын үмітпен ата-баба тәлім-тәрбиесін әрқашан мұра тұтып келген. Ұрпағын жаман әдеттерден жирендіріп, жақсылыққа жетелеп, өсиет сөздерін күнделікті бойына ұялатып отырған. Сондықтанда бүгінгі ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу халық педагогикасының нәрлі қайнарымен сусындату, оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі міндеттернің бірі болып табылады. Ежелден тәрбие беретін би, шешендер сөзін, халқымыздың даналық сөзін жаттап өскен жас ұрпақтың таным үрдісі дамиды. Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекінің тигізер ықпалы зор. Халықтық шығармалардың сан алуан түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пайдалану, мән-мағынасын түсіндіріп жатқа айтқызу баланың тіл әлеміне деген қызығушылығын арттырып, ойы, тілі, діні дамиды. Осы орайда «Қатынас» білім беру саласының мазмұны сөйлеу қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыратын жағдайлармен, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеуін қамтамасыз ету. Ой-өрісті дамыту мен өнегелі тәрбие беруде ана тілінің маңызы ерекше. Тәрбиешіге балалардың ой-өрісін дамытып, оларды әдеби тілде сөйлеу деңгейіне жеткізу, сөздік қорларын байыту сияқты басты мақсатқа жету үшін не істеуіне болады?

- ✓ Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.
- ✓ Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту.
- ✓ Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолдану.
- ✓ Тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, диалогтік сөйлеуге, ертегілерді мазмұндап айтуға, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.
- ✓ Баланың өз ойларын толық және түсінікті жеткізе білуіне көмектесу.

Баланың тілін дамытып, қоршаған ортадан оның қандай да бір ақпарат алуына ертегі, әңгіме, жұмбақ, санамақ, жаңылтпаш, тіл ұстарту жаттығулары, өтірік өлең тыңдатудың маңызы зор. Ертегілерді, әңгімелерді, жұмбақтарды, санамақтарды, жаңылтпаш, тіл ұстарту жаттығуларын, өтірік өлеңдерді балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу қызметте, оқу қызметтен тыс күннің II жартысында, ойын-сауықта, ертеңгілікте кеңінен пайдаланамын. Жаңылтпаш, мақал-мәтел-тіл дамыту, тіл жаттықтыру құралы. Бала сөзді дәл тауып, дұрыс қолданып дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді. Жұмбақ, жаңылтпаш айтқанда, ол шығармалардың бала жасына лайықты болуын, мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін ескеріп отырдым. Ана тілін анық түсінетін бала өтірік өлеңдерді ынтыға тыңдап, қызыға жаттап алады. Өтірік өлеңнің үлкен, кішілігіне қарамастан олардың негізінде іс-әрекет, белгілі сюжет жатыр. Сюжетке құрылған күлкілі әрекеттер бала жанын баурап алады. Өтірік өлеңнің ерекшелігіне жақындығы. Бала өтірік өлеңнің өтірік екенін түсіну үшін алдымен шындықты білу керек. Бала сол білгенін өлеңдегі өтірікпен салыстыра отырып ойына бекітеді. Өтірік өлеңде бала қиялына қанат бітіреді.

3-тен 4 жасқа дейінгі балалар суретті кітаптарды қызыға қарайтыны мәлім. Сондықтан оларға ертегілер мен әңгімелерді, өлеңдерді оқу барысында көрнекілік(мнемотехника, интерактивті тақта, флипчарт, түрлі қызықты мультфильм) құралдарды кеңінен қолданамын. Себебі, бала естігенін есте сақтаудан көрі көргенін ұмытпайды. Ал осы оқылған материалдарды балалардың өздеріне рольге бөліп ойнатса мәңгі есінде қалары сөзсіз. Ертегілерді оқып беріп қуыршақ, үстел- үсті, көлеңкелі театрларды және рольге бөліп ойнату балалардың ертегіге деген қызығушылығын

арттырып, тілін дамытады, сөздік қорын молайтады. Тілін ширатып, көркем сөз өнерін сүйе білуге баулу арқылы адамгершілікке тәрбиелейді.

Классикалық әдебиетте ең алдымен балалар жазба әдебиетінің атасы, педагог жазушы Ы. Алтынсаринның балаларға арналған шығармашылығының алатын орны ерекше. Баланы тәрбиелеу, білім беру мәселесін жан-жақты қамтитын ұлы педагог қаламын туындаған қысқа әңгімелер, мысалдарының мектепке дейінгі тәрбиеде маңызы зор. Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының қай-қайсысында баланы ой еңбегіне бағыттап, дербес әрекет жасауға үйретеді. «Неліктен?», «Не себепті?», «Неге?», «Қалай?» деген сұрақтарға жауап іздеп, ой қортындыларын жасап үйренеді. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде табиғат пен адам, адам мен жан-жануарлар тіршілігі арасындағы байланысты ұғынатын болады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сөлеуді дамыту оқу қызметінде өткенімде балалар жадында жақсы сақталу үшін үстел-үсті театрын пайдаландым, «Ертегілер елінде» қуыршақ, көлеңкелі театрларды пайдалану арқылы балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттырдым. Ертегі кейіпкерлерін естеріне жақсы сақтау үшін кейіпкерлер туралы жұмбақ, тақпақ, өтірік өлеңдер, жаңылытпаштар пайдаландым.

Жыл мезгілдері, жеміс –жидектер, көкіністер, күз мезгілдері туралы оқу қызметтерді өткенімде олардың өздеріне тән ерекшеліктерін естеріне сақтау үшін жұмбақтар, тақпақтар, мақал-мәтелдер, лурія әдістерін пайдалана отырып арнайы суреттер, буклеттер, көрнекіліктер пайдаландым және күннің ІІ жартысында серуен кезінде дүние танымын кеңейту үшін табиғатта болатын өзгерістермен таныстырдым.

Қорыта келгенде халық педагогикасын ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, бала тәрбиесінің барлық кезеңдерінде:

✓ Мектепке дейінгі балалардың бойына өзара түсінікті, жеке бастық қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың жоғары деңгейін сіңіргенде;

✓ Әрбір тарихи кезеңде қоғамда туындаған талаптарға сай балаға берілетін тәрбие мен білімнің мәніне жаңа сипат беріп, жаңа ұстанымдар негізінде ұйыдастырғанда;

✓ Балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын олардың қызығушылығы тұрғысынан басқарып, балаға ұсынылатын таным материалдарынан мән беріп, баланың жеке басын құрметтегенде;

✓ Оқу тәрбие жұмыстарында тәрбиеші балалармен тіл табысып ынтымақтасып, балалармен іс-әрекетін қызығушылығы бойынша тоғыстыра білгенде;

Жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын, өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын жоғары білімді, шығармашыл, құзыретті тұлғаны қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқуының үлгілік оқу бағдарламасы. Нұрсұлтан, 2020 ж.
2. Р.Қ. Аралбаева «Мектепке дейінгі педагогика», Алматы, 2012 ж.
3. А. Шашақова «Халық тәлімі-тәрбие бастауы», Алматы «Рауан», 1994 ж.

ПРОБЛЕМА ФОРМИРОВАНИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Тимошина О.С.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Стукаленко Н.М.

(филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Акмолинской области)

Современное общество предъявляет значительные требования к личной активности каждого индивида. Каждый человек должен быстро реагировать на вызовы времени, уметь качественно обрабатывать и анализировать поступающую информацию, применять полученные знания в жизни, быть мобильным. На первый план выступает задача максимального раскрытия в человеке его активного личностного потенциала. Индивид, который обладает лидерскими качествами, более успешен в жизни, именно поэтому, основу лидерства следует закладывать уже в начальной школе.

Начальные классы – это первая ступенька в большой мир знаний. Это четыре ярчайших и неповторимых года, когда формируются основы личности. Это очень ответственный период школьного детства. Именно начальное образование формирует те общеучебные навыки и умения, уровень освоения которых в значительной мере предопределяет уровень интеллекта личности, желание и умение учиться, уверенность в своих силах, успешность всего последующего обучения. Педагоги, работая много лет в начальных классах, часто задаются вопросом: как правильно воспитать лидерские качества у детей уже в этом возрасте?

В настоящее время ученые по-разному рассматривают лидерство: с точки зрения его личностных детерминант, определения его социальной роли (Е. Берд, Е. Богардус и др.), в плане выделения типов лидерства, ситуационных компонентов и пр. И.П. Волков, Э.А. Ганцева, В.Д. Гончаров и др. исследовали вопросы эффективности педагогического сопровождения и поддержки детского лидерства; разработали специальные педагогические технологии формирования личности лидера. Т.Е. Вежевич, А.Г. Залевская, Т.Ш. Тажутдинова, А.Л. Уманский и др. работают над созданием методик и программ по формированию и развитию детского лидерства. Тем не менее, степень разработанности данной проблемы остаётся недостаточно изученной. Процессы формирования и развития лидерских качеств младших школьников нуждается в новых психолого-педагогических подходах. Анализ теоретических источников позволяет сделать вывод, о том, что в психолого-педагогической литературе сформулированы основные положения и подходы к изучению различных сторон феномена лидерства. Теории и практике выявления лидеров посвящены работы А.В. Петровского, Л.И. Уманского и др. Стили лидерства раскрыты в трудах И.П. Волкова В.Ф. Рубахина и др. Анализ лидерских качеств личности рассмотрен в работах Д. Лори, А.Г. Шмелева и др.

В психологии понятие лидер рассматривается как член группы, за которым она признает право принимать ответственные решения в значимых для нее ситуациях, то есть наиболее авторитетная личность, реально играющая центральную роль в организации совместной деятельности и регулировании взаимоотношений в группе. В педагогике понятие лидер рассматривается, как член группы с наивысшим статусом, за которым признается право принимать решения в значимых для нее ситуациях. Лидер

бывает формальным (официально назначенным, узаконенным) и неформальным (реально признаваемым коллективом).

Кто же такой лидер? Разные авторы по-разному определяют этот термин. Так, например, в своих трудах Р.Л. Кричевский давал такое определение: лидер – член группы, который идентифицируется с наиболее полным набором групповых ценностей, обладает наибольшим влиянием и выдвигается в ходе взаимодействий [4].

А.П. Кузякин сформулировал свое определение лидеру. По его мнению, лидер – член группы, за которым она признает право принимать ответственные решения в значимых для нее ситуациях, т.е. наиболее авторитетная личность, реально играющая центральную роль в организации совместной деятельности и регулировании взаимоотношений в группе [5].

Наиболее близкое нам общее понятие лидерства дано в исследованиях Л.И. Божович. Оно имеет следующее значение: индивид, обладающий наиболее ярко выраженными, полезными (с точки зрения внутригруппового интереса) качествами, благодаря которым его деятельность оказывается наиболее продуктивной [2]. Однако, с учетом аспекта нашего исследования – младшего школьника – нами за основу взято определение Ю.В. Луханиной «Лидерские качества младших школьников – это совокупность внутренних особенностей личности, способствующие эффективному лидерскому поведению» [6].

Макаровой О.А. разработана структура лидерских качеств младших школьников, которая представлена совокупностью компонентов: когнитивный, компетентностно-деятельностный, поведенческий. Особое внимание в структуре уделено поведенческому компоненту, который демонстрирует присущие лидерам нормы поведения [7].

Анализ психолого-педагогической литературы позволил нам выделить признаки лидеров:

- 1) высокая активность и инициативность в решении группой поставленных задач;
- 2) способность оказывать влияние на других членов группы;
- 3) хорошая информированность о решаемой задаче, о членах группы и о ситуации в целом;
- 4) поведение соответствует социальным установкам, ценностям и нормам, принятым в данной группе;
- 5) обладает личными качествами, являющимися эталонными для данной группы;
- 6) способен выходить за рамки признанных норм и эталонных ценностных ориентаций.

В качестве условий развития лидерских качеств младших школьников определен процесс формирования универсальных softskills. Эти навыки определяют способности планировать, организовывать и выделять приоритеты, искать и обрабатывать информацию; общаться, работать в команде, убеждать и воздействовать; опознавать проблемы, принимать решения; управлять своим временем; мотивировать себя и других (лидерство).

Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы в аспекте Концепции непрерывного образования подтверждает направленность школьного образования на формирование и развитие ключевых навыков: «Школы поэтапно переходят на обновленные программы с акцентом на навыки широкого спектра: функционального и творческого применения знаний, критического мышления, проведения исследовательских работ, использования ИКТ, применения различных способов коммуникации, умения работать в группе и индивидуально, решения проблем и принятия решений» [3]. Особенности softskills: они востребованы в любом виде современной деятельности, помогают продемонстрировать

и применить твёрдые навыки. Формирование мягких навыков, учитывая обновлённое содержание казахстанского образования, становится возможным в начальном образовании и поддерживает ГОСО начального образования.

Развитие softskills мы можем проследить и в современных педагогических технологиях при условии их эффективного применения. Так, технологии развивающего обучения и критического мышления имеют результатом логическое мышление, поиск и анализ информации умение слушать, аргументировать и убеждать, участвовать в дискуссии. Проектная деятельность – самостоятельный сбор информации, мышление «процессами» и «результатами», системное мышление, умение самостоятельно очерчивать учебную проблему, формулировать алгоритм ее решения, контролировать процесс и оценивать полученный результат, аргументация, коммуникация. Технология критериального оценивания является инструментом, с помощью которого ученик способен улучшить собственную деятельность (учебную, социальную и т.п.). Критериальное оценивание позволяет школьнику формулировать собственные цели и задачи, управлять саморазвитием.

Анализ содержания учебников по предметам начальной школы издательств «АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», «Алматыкітап», «Атамұра» позволяет сделать вывод: учебный материал содержит достаточно большой объем заданий поискового и творческого характера, направленных на формирование softskills. Вместе с тем, направленность на формирование системы softskills требует перестройки методов организации образовательного процесса, активного использования техник построения диалога, использования игровых, дискуссионных методик, проектной деятельности учащихся, интеграции урочной и внеурочной деятельности.

Какие из мягких навыков формируем у учащихся начального образования? С первого класса учим детей формулировать свою позицию, уметь донести её понятно и аргументированно: всё это составляющие критического мышления. Мышление «процессами» и «результатами» в образовании можно назвать «умением учиться». Для организации обучения в начальной школе принципиально то, что умение учиться относится «к наиболее востребованному и наименее технологизированному результату образования» [8, с. 59]. Считаем приоритетными задачами научить детей определять понятные и достижимые цели, раскладывать их на составляющие, искать и находить ресурсы для их достижения. Этому способствует организация исследовательской и проектной деятельности – «такие формы учебной работы, которые создают пространство для продуцирования учащимися новых идей, создания совместных продуктов, коммуникации и рефлексии, в том числе и в условиях предметного урока» [1, с. 288].

Свои первые исследовательские навыки младшие школьники получают на уроках. Дети самостоятельно учатся работать со справочной литературой, отбирая актуальную информацию, выделяя главное и существенное, систематизируя и классифицируя ее по разным основаниям. В этом помогают им карты исследования, разработанные учителем. В зависимости от учебных задач, они могут быть разного уровня сложности: «Закончи утверждения – исследовательские задачи», «Отбери нужные исследовательские шаги», «Сформулируй программу исследования». С целью формирования исследовательских навыков школьники учатся находить альтернативные источники информации, брать интервью, составлять кластер. Это развивает мышление, умение выделять существенные признаки, классифицировать, устанавливать предметно-тематические и причинно-следственные связи.

Исследовательская деятельность невозможна без обучения на основе теоретических методов исследования. Для учащихся постепенно раскрываются их виды, содержание, особенности организации: сравнение, противопоставление;

аналогия; систематизация, классификация; установление причин, обобщение. Педагоги активно используют стратегию «Сравни», когда ученики, используя круги Эйлера, находят общие и отличительные признаки. Формирование исследовательских навыков и, как следствие, гибких навыков, не ограничивается рамками школьного урока, а продолжается и во время экскурсий в музеи, обсерваторию, на предприятия, на природу, во время встреч с представителями разных профессий.

В ходе исследований, работы над проектами обучающиеся решают реальную научную проблему с помощью взрослых и понимают, как научные методы применяются в повседневной жизни. Наука воспринимается праздником, который они готовят для самих себя, становится интересной, посильной и полностью захватывает. Более того, в представлениях младших школьников наука становится действенным средством преобразования окружающей среды. Такое обучение науке отвечает потребностям самих обучающихся, а также создает условия для развития лидерских качеств у детей младшего школьного возраста.

Таким образом, результаты исследования свидетельствуют о том, что лидерские качества можно и нужно развивать, начиная с начальной школы. Конечно, работа по формированию softskills не может решить всех проблем в обучении и воспитании, но она является эффективным средством формирования и становления личности.

Литература

1. Авдесенко Н.А., Денищева Л.О., Краснянская К.А., Михайлова А.М., Пинская М.А. Креативность для каждого: внедрение развития навыков XXI в. в практику российских школ // Вопросы образования / Educational Studies Moscow. - 2018. - № 4. – С. 282-304
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 2008. – 464 с.
3. Госпрограмма развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы.
4. Кричевский Р.Л. Психология лидерства. – М.: Статут, 2007. – 542 с.
5. Кузякин А.П. Что такое лидер и лидерство? // Образование. 2011. – №4.
6. Луханина Ю.В. Особенности проявления лидерских качеств младших школьников // Наука и образование: отечественный и зарубежный опыт: международная научно-практическая заочная конференция (30 октября 2016 г. Белгород): сборник статей. - Белгород: ООО «ГиК», 2016. – С. 168–170, С.169
7. Макарова О.А. Феномен лидерства в коллективе младших школьников // Молодой ученый. – 2015. – № 7. – С. 680–683

УДК 372.4

РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ В РАЗВИТИИ ЛИДЕРСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПРЕДМЕТА «ПОЗНАНИЕ МИРА» В 4 КЛАССЕ

Уалиева Н.Т., Жунусова А.Ж., Кошелева А.Г.
(СКУ им. М. Козыбаева)

Сегодня значительные изменения в сфере технологий, коммуникаций и науки влияют на социально-экономическое развитие мирового сообщества, и следовательно предъявляют иные требования к уровню знаний и навыков, необходимых гражданам для успешной жизни в XXI веке. С такими сложившимися изменениями образовательной политики в Казахстане уже ведется работа по развитию системы среднего образования в соответствии с глобальными вызовами. В результате такой модернизации изменяется и роль образования, заключающаяся в возможности

оказывать влияние на развитие различных тенденций в обществе, готовить поколение к решению глобальных и локальных проблем современности.

В этой связи, как мы считаем, подготовка выпускника начальной школы связана с существенными изменениями в педагогической теории и практике, которые несомненно ставят перед современной школой высокие требования в обучении личности, способной быть успешной в постоянно меняющемся мире. Ведь мы понимаем, что успех человека, состоит в умении своевременно реагировать, быстро адаптироваться, а также, умении качественно и весьма в короткие промежутки времени изучать и анализировать любую полученную информацию. Поэтому вышеуказанные умения индивидуума, мы связываем с развитием лидерских способностей, направленных на формирование у учащихся познавательных процессов, интеллектуальных навыков. При таких условиях начальная школа мы считаем, что несет огромную ответственность перед обществом в воспитании младших школьников, которые бы умели в будущем применять знания и умения в различных ситуациях, имели бы способности к самоутверждению и стремлению совершенствовать свои знания. А в свою очередь воспитание и обучение учащихся направлено на изменение форм и методов обучения. Так, в государственных образовательных стандартах начального образования Республики Казахстан, согласно цели и задачам предлагаемые способы проявления активности ребенка, оптимальные методы, стратегии обучения и являются средством развития лидерских способностей обучающихся.

Далее подчеркнем, что в данном контексте проблема лидерства и лидерских способностей всегда привлекала отечественных и зарубежных педагогов, психологов, таких, как М.Ю. Маркова, Н.В. Матяш, Н.В. Павлова и других. Сравнение ряда словарных статей, разъясняющих понятие «лидерство», показывает, что лидерство рассматривается как:

- отношения доминирования и подчинения, влияния и следования в системе межличностных отношений в группе [1];
- процесс, при котором один член группы (лидер) организует и направляет других к достижению конкретной общей цели [2];
- процесс влияния на членов группы для достижения групповых целей [3];
- процесс, посредством которого определенные члены группы мотивируют и ведут за собой группу [4];
- процесс взаимовлияния между лидером и его последователями ради достижения групповых, организационных и социальных целей [5];
- способ воздействия на группу, основанный на личном авторитете, признании личности лидера [6];
- процесс, в ходе которого определенные члены группы ведут за собой всех остальных [7];
- осуществление полномочий власти и влияния внутри социальной группы (в социальных коллективах) [8];
- способности, качества и поведение, связанные с ролью группового лидера [9].

Анализируя вышеперечисленные понятия, подчеркнем что лидерские способности формируют систему знаний и комплекс разнообразных умений, среди которых учащийся может:

- понимать поставленные цели и задачи;
- планировать содержание предстоящей деятельности, определять методы и формы ее организации;
- составлять убедительные аргументы и отбирать факты для обоснования собственной позиции;
- решать проблемы и принимать научные решения;

- анализировать результаты собственной работы;
- оценивать свои действия, опираясь на этические ценности, принципы, убеждения;
- владеть современными технологиями;
- самостоятельно пополнять знания;
- уметь работать с информацией, осознанно воспринимать информацию, что связано непосредственно с концентрацией внимания и воображения; наличием способности к анализу и синтезу материала, способностью выстраивать гипотезы и поиска материала для их доказательств. А уже сам процесс развития вышеназванных умений, являющихся составными лидерских способностей, может осуществляться благодаря системному применению учителем различных видов инновационных методов в рамках изучения предмета «Познание мира» в 4 классе. Ниже в таблице 1 представлены различные виды инновационных методов и актуализируемые умения, которые реализуются при их использовании учителем в учебном процессе.

Таблица 1.

Виды инновационных методов при изучении предмета «Познание мира» в 4 классе.

Виды инновационных методов	Темы	Актуализируемые умения
Творческие задания (книжка-малышка, работа с географической картой и т.д.)	Раздел: Моя Родина – Казахстан. Урок № 1. На какие части делится наша республика?	Научатся различать административно-территориальные единицы различного ранга
Исследовательская деятельность	Раздел: Культурное наследие Урок № 9. Истоки казахского народа.	Самостоятельное и творческое мышление
Подготовка докладов, рефератов, презентаций	Раздел: Путешествие в космос. Урок № 29. Роль Казахстана на мировой арене.	Научатся добывать, преобразовывать, анализировать информацию
Практические работы	Раздел: Путешествие в будущее. Урок № 32. От каменного топора к космическому кораблю.	Развивается внимательность, наблюдательность, активизируется познавательная деятельность
Работа с раздаточным материалом	Раздел: Охрана окружающей среды. Урок № 24. Глобус и карта.	Узнают условные обозначения, развивается творчество и инициатива
Наблюдение	Раздел: Охрана окружающей среды. Урок № 22. Сельское хозяйство моего края.	Познакомятся с с/х своего края, смогут его охарактеризовать, назовут отличительные особенности
Составление различных типов вопросов, составление опорных конспектов, заполнение сравнительных таблиц	Раздел: Ценности Урок № 5. Наш семейный бюджет	Организация деятельности детей; применение разнообразных средств воздействия на учащихся; владение методами научно-исследовательской деятельности
Подготовка мини-проектов, подготовка к ролевым и деловым играм, анализ проблемной ситуации	Раздел: Природные явления Урок № 18. Какие катаклизмы возможны в моей местности?	Выдвижение собственных идей; заинтересованность в саморазвитии; решение проблемных ситуаций; умение делать вывод
Инсерт	Раздел: Путешествие в космос Урок № 27. Достижения Казахстана в образовании	Умение выражать свою позицию; формирование навыков конструктивного взаимодействия; умение работать в группах; умение устанавливать причинно-следственные связи.

Представленное содержание таблицы 1 позволяет подчеркнуть то, что в процессе формируемой познавательной деятельности у младших школьников проявляются устойчивая мотивация, активность, инициативность, интерес к предмету. У них формируется сознательность, развиваются познавательные способности, воспитываются нравственные и волевые качества. Лидерские способности в этом случае рассматриваются как свойство личности, формируемые у обучающихся при выполнении такого рода творческих заданий, а также актуализируются с помощью внедрения в образовательный процесс различных видов инновационных методов. Также в этой связи стоит отметить, что развитие лидерских способностей у младших школьников рассматривается многими учеными как управляемый процесс изменения человека под влиянием его социально обусловленной деятельности. Развитие лидерских способностей, являющихся составным компонентом лидерства, также не является стихийным процессом. Важным в нем является применение активных форм обучения и воспитания, поскольку эти формы способствуют формированию активной жизненной позиции и формированию личности созидательного типа [10].

Ориентирование с краеведческими элементами широко применялось организаторами онлайн мероприятий со всего мира в период весенних локдаунов 2020 года. К этому типу можно отнести и краеведческие квесты с элементами ориентирования, и виртуальное ориентирование по зданиям всемирно известных музеев, галлерей, соборов с использованием платформы Google View, и ориентирование с использованием платформы Google View по городам (например, по Венеции), и дистанционные соревнования по трейл-ориентированию, когда в качестве объектов для постановки КП выбирается интересная с краеведческой точки зрения местность, о которой участникам предоставляется развернутая информация. Такие дистанции, хотя и не всегда имеют высокий спортивный тренировочный потенциал, тем не менее, являются важным элементом воспитательной работы со спортсменами, содействуют гармоническому развитию личности.

В целом, большинство тренировочных и соревновательных дистанции в удаленной форме при правильном применении имеют значительный тренировочный потенциал, содействуют совершенствованию тактико-технической подготовки и повышают мотивацию к занятиям спортивным ориентированием. Однако излишнее увлечение участием в дистанционных соревнованиях в ущерб другим формам и методам тренировочной работы может привести к негативным последствиям, в частности к пресыщению соревновательной деятельностью, к неуверенности в себе и заниженной самооценке (если уровень соревновательных дистанций не соответствует уровню подготовки спортсмена), появлению стандартных ошибок, связанных с особенностями планирования онлайн дистанций, и другим проблемам. Еще одна проблема дистанционных соревнований – это обеспечение соблюдения правила Fair Play.

Учитывая вышесказанное, на наш взгляд, значительную часть дистанционной (удаленной) тренировочной работы по тактико-технической подготовке в спортивном ориентировании должны составлять упражнения, тесты и игры, направленные на усвоение и отработку отдельных знаний, умений и навыков. Эти формы работы, в отличие от соревновательных дистанций, дают возможность планомерно закреплять знания, отрабатывать отдельные умения и навыки, обеспечивать индивидуализацию в работе с отдельными спортсменами, исправлять как типичные, так и индивидуальные ошибки. В ходе таких тренировок с целью повышения мотивации могут использоваться отдельные соревновательные элементы, однако ими нельзя злоупотреблять. Для обеспечения благоприятного психологического климата, как правило, при выполнении таких заданий нужно оценивать индивидуальный прогресс каждого спортсмена, не сравнивая их между собой.

Таким образом, дистанционные (удаленные) формы тренировочной работы имеют значительный потенциал в тактико-технической подготовке ориентировщиков, но они должны грамотно применяться в комплексе с другими компонентами тренировочного процесса, такими как физическая и психологическая подготовка, а также тренировки на местности.

Литература

1. Яблонских А.М. Анализ средств и методов контроля и дистанционной подготовки спортсменов-ориентировщиков в период самоизоляции // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта, №4 (182), 2020. - С.534-540.
2. SportOG Internet TrailO. Режим доступа: <https://trailo-i.sportog.ru/>
3. TempO simulator. Режим доступа: <http://temposim.yq.cz/>
4. Catching Features. Режим доступа: <https://www.catchingfeatures.com/>

УДК 691.33

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБЛАСТИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И НВП

Макушев Е.Б.

(КГУ «Пресновская общеобразовательная школа-гимназия им. И.П. Шухова»)

Физическая культура и начальная военная подготовка – эти две дисциплины, которые должны способствовать формированию личности, готовых к активной творческой самореализации в сфере общечеловеческой культуры Республики Казахстан. Образование в Республике Казахстан – это непрерывный процесс воспитания и обучения, осуществляющий в целях нравственного, интеллектуального, культурного и физического развития. Физическое воспитание является органической частью системы комплексного формирования личности. Отсюда и вытекают цели и задачи физической культуры, в связи с проблемой сохранения здоровья и физического развития, как учащихся, так и молодёжи. Современное педагогическое образование требует взаимодействия всех участников образовательного процесса: это руководители, педагоги, общественность школы, группы специалистов, занимающиеся составлением программ и родители. Новое время выдвигает перед учителем физкультуры и НВП задачи, цели, поиск и применение инновационных технологий. Инновации - это способ повышения мотиваций у учащихся к урокам физической культуры и, вообще, к занятию спорта. Без сомнения, результативность воспитания и

обучения физической культуры во многом зависит от личности учителя, который играет главную роль в формировании здорового образа жизни. Именно он должен быть примером подражания физической закалки, дающий мотивацию воспитанникам, приводя примеры личностей, которые достигли высот в спорте. Великий педагог В.А. Сухомлинский об этом говорил так: «Спорт становится средством воспитания тогда, когда он - любимое занятие каждого». Можно утверждать, что в настоящее время учитель физической культуры в состоянии сделать для современного ученика больше, чем врач, если он свои уроки сделает любимым предметом. Бесспорно, здоровье детей в настоящее время с возрастом ухудшается: их функциональные возможности в ходе учебного процесса снижаются, что затрудняет усвоению учебной программы. Базовое школьное образование должно не ухудшать, а улучшать здоровье учащихся, и это необходимо осуществить посредством инновационных технологий, которое позволит формированию знаний, умений, навыков в укреплении здоровья школьников. Каковы же главные цели инновационных технологий?

Во-первых, необходимо апробировать и внедрить уже наработанные новые формы и методы, как говорят опытные педагоги, «пропустив их через себя» на уроках физической культуры, поэтому коллеги моей школы постоянно делятся опытом работы, применяя нетрадиционные, интегрированные уроки: Косинов Ю.В., Суюндиков А.А, Касенов С.К., Калугин И.А.

Во-вторых, использовать диагностические методики, вести мониторинг образовательного процесса и обучения учащихся, при этом осуществляя индивидуальный и возрастной подход к своим воспитанникам. В условиях модернизации образования происходит смена образовательной парадигмы, предлагается свыше новое содержание, иные подходы, иное отношение, поведение и, наконец, новый педагогический менталитет. Поэтому районным отделом образования, администрацией школы постоянно даются рекомендации по внедрению и обучению учителей на заседаниях методической службы, где освещаются новшества в инновационной технологии, с применением их на открытых уроках. Опыт и педагогическое мастерство учителей можно наблюдать на данных уроках, где демонстрируются элементы новой технологии. Учителя физической культуры повышают свою квалификацию и знакомятся с новыми технологиями на курсах ОРЛЕУ в городе Петропавловске. Здесь на курсах предлагаются практические достижения учителей-новаторов физической культуры, оно заключается в наличии оригинальных авторских идей, гипотез, где лучшие педагоги области защищают свои проекты, делятся опытом своих идей, касающейся перестройки педагогического процесса.

Пропаганда современных педагогических технологий способствуют повышению качества образовательного процесса. Современное образование требует замены устаревших, неэффективных средств обучения, чтобы идти со временем в ногу, используя новые идеи, новые платформы - всё это даст прогресс в развитии физической культуры и спорта, и вызовет желание учащегося выполнить программу физической культуры. Занятия физической культуры в данный период должен стать на защиту здоровья учащихся. Здоровый образ жизни станет главным вектором в их жизни. На своих уроках физической культуры рекомендую занятия активно-двигательного характера, помня, что растущий организм школьника требует соблюдения динамической паузы. Без сомнения, внедрение электронных средств положительно влияют и поддерживают обучение физической культуры, а также способствуют методической работе и занятию учителя. При всём этом не стоит забывать мудрое изречение, «новое – это хорошо забытое старое». Считаю, что уже наработанные, проверенные формы, методы и средства необходимо использовать на

своих уроках. Человеческий организм за этот период не изменился, а просто изменилось время. Двадцать первый век – век молодого поколения, век высоких информационных технологий. Далеко шагнула наука, прогресс в технике, появились новые спортивные тренажёры, спортивные сооружения, но анализируя результаты и достижения за пройденный период, можно смело утверждать, что у каждого времени есть свои «плюсы» и «минусы». В связи с новыми открытиями компьютерной системы, мультимедиа движение не только детей, но и взрослых намного сократилось. Всё меньше видишь детей, играющих на стадионах, на площадках, все зависают в гаджетах, компьютерах, и это веление времени, которого требует современная жизнь. И вот при всём этом раскладе, значение физической культуры и спорта должна сыграть большую роль, потому что развивается у детей, и взрослых - гиподинамия. Малоподвижный образ жизни - это болезнь нашего времени, связанная с урбанизацией, автоматизацией физического труда. На личном примере, на примере старшего поколения доказать и показать, что движение – это жизнь.

Президент страны К.К.Токаев в своём Послании народу Казахстана, заботясь о здоровой нации, сказал так: «В условиях стремительно меняющегося мира, приоритет необходимо отдать массовому спорту и физической культуре, а особенно обратить внимание детям. Современные реалии бывают настолько опасными для детей, что их энергии нужно направить в правильное русло. В каждой области, крупных районах следует открыть спортивные комплексы, чтобы была организована работа секций, кружков». Эта формула при нынешней ситуации должна сработать как никогда положительно. Хочется сказать, что, действительно, руководителями области и района в данном направлении проделана конкретная работа по выполнению поручения Президента страны. У нас в райцентре строится ФОК. Конечно, надежды на это спортивное сооружение большое, ведь этот комплекс привлечёт внимание в занятии спортом учащихся, молодёжь района и принесёт свои результаты в достижении не только здоровья, но и в спорте. В наши дни спорт стал популярным занятием, потому что необходимость всегда быть здоровым и держать своё тело в хорошей форме, этого требует время. Сегодня существует масса спортивных залов, секций, кружков, где можно укрепить физическую силу. В данной ситуации вектором направления должен стать вновь учитель физической культуры. Занятия, игры, прогулки на свежем воздухе, соблюдая при этом все санитарные требования, необходимо проводить ежедневно, потому что юноши – это будущие защитники Республики Казахстан, именно им необходимо нести службу в рядах Вооружённых сил страны. На видео уроках, конференциях, на интегрированных уроках прививаем учащимся любовь к Родине, казахстанскому патриотизму. Главная задача учителя физической культуры донести до школьника мысль, что постоянные тренировочные занятия повышают уровень интеллекта, повышают его самооценку, дают ему уверенности в свои силы, закалят его характер, разовьёт лидерские качества. А также занятия спортом дают гарантию того, что работа сердца и всей сердечно - сосудистой системы улучшатся, не надо забывать о том, что сердце - это важнейший орган человека, который требует постоянной тренировки. Физическое воспитание нельзя ограничивать лишь его двигательным компонентом, влияющим на формирование физических качеств и оптимизацию физического состояния. Провожу видео уроки учащимся, показывая наглядно, что человеческий потенциал уникален, что при постоянной тренировке спортсмен может управлять своим телом, показывая чудеса совершенства, и это мы часто видим на международных конкурсах и соревнованиях. Я использую на своих уроках современные платформы: WhatsApp, Zoom, классрум, сейчас в тренде ролики «Тик-ток», видео уроки, онлайн, что непременно мотивирует учащихся, и они хотят также с интересом выполнять упражнения. Хочу добавить, что информационные

технологии используются учителем для обогащения преподавания, а также для изучения и получения учащимися новых знаний. Необходимо доказать ребятам, что спорт – это упорный ежедневный труд, который вырабатывает дисциплину и самоконтроль в характере. Провожу беседы с родителями, в связи с объявленной пандемией в стране, чтобы соблюдали санитарные требования, индивидуальные беседы о поддержке организма у кого слабый иммунитет, о вредных привычках, что негативно сказываются на здоровье ребёнка, соблюдении режима дня - всё это позволит учащимся выполнению программы по физической культуре. Я заметил, что современная информационно-коммуникативная технология, средства онлайн позволяет общаться на расстоянии с сверстниками внутри страны, так и далёких стран, и приближена в роли мыслящего партнёра, что тоже благотворно влияет на приобретения новых знаний и общения, чем постоянно молча сидеть в одиночку. Считаю, что инновационные технологии на уроках физической культуры должны оставаться в приоритете, но во главу угла надо ставить здоровье подрастающего поколения, что соответствует девизу страны: «Здоровая нация - процветающий Казахстан».

Литература

1. Послание Президента РК народу Казахстана 2020 г.
2. Левина М.С. «Технологии профессионального педагогического образования», 2002 год.
3. Шубин Д.А., Мезенцева Н.В. «Инновационные технологии в педагогической физической культуре и спорте».
4. Материалы «Научно-практической конференции «Независимый Казахстан и научное наследие академика М. Козыбаева» г. Петропавловск, 2011 г.
5. Соловьёв Г.М. «Педагогическая технология в формировании физической культуры», 1999 г.
6. Педагогика физической культуры и спорта – учебник под редакцией С.Д. Неверковича, 2005 г.

УДК 355.233.231

ЖАЛПЫ СПОРТ КУРСАНТТАРМЕН СТУДЕНТТІК ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН ҚҰРАЛ

Мульдинов Р.Т., Досжанов Б.А.

(Военный Институт Национальной Гвардии РК)

Соңғы уақытта Қазақстанда жастардың патриоттық тәрбиеленуін мықтайтын және дамуын қарастыратын көптеген шаралар қолданылды. Патриоттық тәрбие өзімен бірге мемлекеттік биліктің жүйелі және нақты бағытталған жұмысын, әлеуметтік институттардың отбасылардың жасөспірімдердің өз Отанына деген адалдық пен сенімділік қасиеттерінің артуына, өз Отаны алдында азаматтық борышын өтуге шақырады.

Дене дайындығы және спорт мәдениетінің заманауи ортада абыройы артуда. Тек қана спорттық ғылым ғана емес сондай-ақ сабақ секілді де емес ол бірталай ортада жаппай еңбек ету объектісіне айналып отыр. Олар әлеуметтің үлесін толықтай арттыруға, адамзат капиталының толықтырылуы сынды маңызды бірнеше тапсырмаларды атқарады. Дене дайындығы және спорт мәдениеті азаматтардың дамуын қарастыратын жеке және жалпы құндылықтарды тасымалдаушы. Қазіргі уақытта әртүрлі жастағы азаматтарға, физикалық шамасы әртүрлі азаматтарға спорттың қолжетімді болуы басты фактор ретінде қарастырылуы керек. Қасым-Жомарт

Кемелділігі өз жолдауында атап өткендей жалпы спорттың дамуына ерекше көңіл бөлінуі керек.

Заманауи спорт ден сауықтыру мен физикалық-психологиялық даму, демалыспен кәсіби жұмыс ретінде орын алады. Спорт, жаппай спорт және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге бөлінеді. Заманауи спорттың шексіздігі осы қосымша түсініктемелердің қосылуына септігін тигізді. Физикалық дайындық және спорт мәдениетінің нормативтік-құқықтық құжаттары, үкіметтің қойған жаңа талаптары жаппай спорт деп әртүрлі топтардың айналысу жүйесі, аталған аймақтың өздері үшін физикалық қасиеттерінің артуы спорттың басқа түрлерімен айналысуы деп тануға шақырады.

Жаппай спорт түсінігіне біздің ойымыз бойынша адамдардың физикалық тәрбиелену мен қоса өздік тәрбиелену барысындағы атқаратын жұмыстары, дене бітімінің артуы, қозғалыс қабілеттілігінің артуы сынды бөлшектер кіреді.

Әскери оқу орындарында спорттың әр түрімен айналысу әскери қызметшілердің денсаулығын арттыру, физикалық дамуын қалыптастыру мен әскери борыштарын сәтті орныдауға үлкен үлес қосады. Жаппай спорттың әскери ортадағы міндеттерін көбінесе дене дайындығы мәдениетінің міндеттерімен ұқсас келеді, алайда спорттық жаттығулармен қоса спорттық сабақтарды өткізумен жүзеге асырылады.

ҚР ҚК және Ұлттық ұлан бөлімдерінде жаппай спорттық іс-шаралар әскери қызметшілердің спортпен тығыз сабақтарға қатысуына, олардың дене дайындығының артуына бағытталған. «Дене дайындығы және спорт» пәні бойынша арнайы-әскери оқу-орындарындағы курсанттарға дайындалған оқу жоспары барлығын жаппай спортқа тартылуына себебін тигізеді. Бұны тек бос уақытта ғана емес және оқу сабақтары барысында да жүзеге асыруға болады, тіпті курсанттардың өздері физикалық дайындық жаттығуларын жеке таңдайды.

Жаппай спортпен бірге үлкен спортпен жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі бар. Үлкен спорттың мақсаттары жаппай спортқа қарағанда өзгешелеу. Бұл үлкен жарыстарда жеңіске жетумен белгілі бір үлкен спорттық нәтиже көрсету деп саналады. Спортшының жоғары жетістіктері жеке ғана емес сондай-ақ жалпы ұлттық мақтаныш, халықаралық аренада өзінің беделін нығайту болып саналады. Осы екі спорт түрін қарастыра отыра, жаппай спорттың студенттік жастардың арасында үлкен танымалдылықпен талпынысқа ие деген пікірге келеміз.

Аталған жүйе әрбір курсантқа күнделікті айналысу үшін алдымен танысуған содан кейін қалаған спорт түрін таңдауға көмектеседі. Жаппай спорттық іс-шара-әскери қызметшілердің жеңіске деген талпыныстарын арттырудағы, әскери жауынгерлік достықтың артуындағы маңызды элементі болып табылады. Құрама командаға немесе курсанттың тек қана жеке қалауы болатын шаманың аздығы бөлімшелер қатарына ену үшін белгілі бір спорттық дайындығы бар, спорттың жеке түрімен айналысатын нәтиже керек. Басқа сөдермен айтқанда «сен ғана емес, сені де таңдап алады» деп айтуға болады. Бұл белгілі бір спорттық бөлімшелерде айналысатын курсанттардың алдында спорттық қабілеттілікті арттыру мен спорттық жарыстарда рота немесе оқу орны атынан қатысумен тығыз байланысты.

Жаппай спорт бос уақыттағы курсанттардың дамуы үшін табылмас құрал. Бұндай сабақтар студенттер үшін белгілі бір қиыншылықсыз өтеді. Бос уақытта курсанттар қалаған спорт түрімен айналыса алады. Жаппай спорттық мақсаттарды әсерлі және аралық деп екіге бөлуге болады. Әсерлі деп әлеуметтік танымды, спорттағы жақсы нәтижелермен көрсеткіштерді, абыройды атауға болады. Аралық деп ӘСК талаптарын орындау мен спортта белгілі шеберлікке ие болуды, дене бітімінің дамуын, спорттық жарыстарға қатысу және т.б. атауға болады. Спорттық өмірдегі талпыныстарды жүзеге асыру үшін келесі схема қолданылады: жұмысқа кірісу жоспары, жұмысқа кірісудің оперативтілігі, кері байланыстың болуы.

Талпыныстың бір бөлшегі ретінде әсер қызмет етеді. Әсердің жұмыс жасауы қысқа уақытты мінез болып табылады. Олардың іске асырылуына күн тәртібінің ыңғайлы болуы, аталған жағдайлардың жоғары деңгейде жүзеге асырылуы үгіттеме, педагогикалық шеберлік, және денсаулықтың артуы. Өз жұмысымызда біз жастардың жаппай спортың біріктіріп патриоттық тәрбиесін арттыру мен Әскери спорттық кешеннің спорттық жұмысын арттыру мен байланыстырдық. Бұл жерде ӘСК-нің екі басты міндетін атап өткен жөн. Біріншісі- денсаулықтың жалпы деңгейін көтеру, әскери қызметке әрдайым дайын болу. Неліктен мұндай форматты қолдандық? Біріншіден нормативтердің дұрыс құрылуы бәсекелестік туғызды. Екіншіден курсанттар бірден үш бірдей қатарластарынан асып кетуді қарастырды, және үшіншіден, өздерінің жеке нәтижелерін одан сайын арттыру.

Әскери-спорттық кешеннің мақсаты – әскери қызметшілердің Отанды қорғау барысындағы жеке түрлі мықты дайындығы. Кешен бойынша жұмыс әскери оқытудың айырылмас бөлшегі ретінде келесі тапсырмаларды орындайды:

- барлық әскери қызметшілерді спортпен күнделікті шұғылдануға;
- жауынгерлердің жан-жақты физикалық дайындығы мен психологиялық қабілеттілігі;
- жауынгерлердің ұрыстық шеберліктерін арттыру.

Біз шағынғана тәжірибе өткізіп көрдік, ондағы спорттың бір түрімен бұрыннан айналыспайтын курсанттардың 27% бірінші курстан бастап ӘСК-нің нормативтерін үздікке орындап, «ӘСК үздігі» төсбелгісін алуға ұмтылған, қазіргі уақытта олар жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Өз жұмысымызда біз АӘД кезінде, мектепке дейінгі мекемелерде, жоғары оқу орындарында көршілес Ресей Федерациясында енгізілген «Еңбек ету мен қорғануға дайынмын» атты кешеннің енгізілу маңыздылығын көрсету. Жастардың патриоттық тәрбиеленуін аталып өтетін мысалдарсыз елестетуге болмайды. Үлкен спорт нәтижелері де қараусыз қалмады. Біздің спортшыларымыздың Олимпиададағы, Паралимпиада ойындарындағы жеңістері біздің жастарға үлкен үлгі.

Әдебиет

1. Ильинич В.И. Студенттердің дене тәрбиесі. М., 2010.
2. Лукьяненко В.П. Дене тәрбиесі: білімнің негізі. Ставрополь, 2011.
3. Ружа В.А. Осы замандағы студенттердің отаншыл мәдениетінің қалыптасуы және дамуы: автореф. дис. ... социол. ғылым. канд, Екатеринбург, 2013.
4. ҚР Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1037 жарлығы «2025 жылға дейінгі ҚР денетәрбиесі мен спортың дамуының тұжырымдамасы» 2 пункт, 12-14 б.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының дене шынықтыру және спорт бойынша Нұсқаулары (НФПИС – 2016 ж.).

ЖОО-ДА «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мульдинова Э.С.¹, Гоненко С.В.¹, Мульдинов Р.Т.²

(¹М. Қозыбаев атындағы, СКУ, ²Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының
Әскери институты)


Қашықтықтан білім беру өзінің ыңғайлылығы мен икемділігіне байланысты қазіргі кезде көп қолданылып жүрген оқытудың өте танымал түріне айналууда. Мұндай оқыту дәстүрлі оқытудан ерекшеленеді: сабаққа қатысу қажеттілігі жоғалады, әр оқушы өзіне ыңғайлы уақыт пен оқитын жерін таңдайды. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту туралы көптеген ұғымдар бар. Қашықтықтан білім беру – қашықтықтан білім беру ақпаратымен алмасу құралдарына (спутниктік телевидение, радио, компьютерлік байланыс және т.б.) негізделген мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасының көмегімен елде және шетелде көпшілікке ұсынылатын білім беру қызметтерінің кешені. Жалпы алғанда, бұл термин оқытушы мен студенттің жеке байланысынсыз жүзеге асырылатын білім беру қызметінің барлық түрлерін білдіреді.

Білім беру әдістерінің сапасы мәселесі ескірген деп танылады. Көптеген дамыған елдерде бұл тұжырымдама шығармашылық пен өз білімін жетілдірудің жетекші ролінде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуымен, жұмысқа шығармашылық көзқараспен, өз білімін жетілдіру дағдыларымен, жалпы интеллектпен және коммуникативті қабілеттермен байланысты. Сондықтан, жалпы еуропалық жүйеге біріктірілген біздің елімізде білім беру саласындағы жаңа формалар мен әдістерді іздеу қарқынды жүргізілуде. «Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың қалыптасуы халықтың жұмыс істейтін студенттер сияқты санаты үшін жоғары білім алудың жаңа қабілеттерін ашады» [1]. Қашықтықтан білім ала отырып, ЖОО білім алушысы кеңістік және уақыт шеңберімен шектелмейді және жеке кесте бойынша үйден шықпай-ақ оқуға мүмкіндігі бар.

Студенттерге дене тәрбиесін оқыту процесінде қашықтықтан оқыту жүйесін қолданудың тиімділігін анықтауда зерттеу жүргізілді. Педагогтердің оқытуы мен студенттердің білім алуындағы қашықтықтан оқыту әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Осы мақаланы жазу барысында КОРОНАВИРУС (COVID-19) деп аталатын індет анықталды. Біз пандемияға тап болған кезде, ҚР Президенті жұмыс күндері емес екенін жариялап, бүкіл Қазақстан бойынша өзін-өзі оқшаулау режимін енгізді, бұл біздің оқу орнымызға да қатысты болды. Осы жағдайға байланысты студенттер мен оқытушылар онлайн оқуға көшуге мәжбүр болды.

Зерттеудің мақсаты студенттердің дене тәрбиесі процесінде қашықтықтан оқыту жүйесін қолданудың тиімділігін зерттеу болды.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы. Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және жалпылау, математикалық статистика әдістері. 2020/21 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жүргізілген зерттеу М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың 1-курс студенттерінің (75 адам) ақпараттық технологияларды енгізу дәрежесін (интернет-ресурстармен жүйелі жұмысты респонденттердің 92%-ы атап өтті) көрсетті. Нәтижелер 1 - суретте көрсетілген.



Сурет. Ақпарат көздері

а - интернет (41%); б - әдебиет (13%); в - қарым-қатынас (19%); г - телевидение (10%); д - әдістемелік-практикалық сабақ (17%)

Студенттерді қашықтықтан оқытудың басты артықшылығы-дайындық бағыттарының кең таңдауының болуы. Білім алу барысында студент оқу тапсырмалары бойынша ақпаратты оңай іздей алады. Басқа көп студенттермен бәсекелесе алу мүмкіндігі, қашықтық жобаларға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу оқу процесінің мотивациялық негізін айтарлықтай нығайтады, білім алушылардың білім, іскерлік және дағдыларды игерудегі белсенділігін арттырады [2]. Жұмыс барысында жеке тәжірибе қалыптасады, бұл білім берудің ең берік негізін құрайды. Қашықтықтан оқыту формасы дене шынықтыру саласындағы білім беру міндеттерін шешудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру сабағын бағалаудың маңызды критерийлерінің бірі сабақтың мотор тығыздығының жоғары деңгейі болып табылады, бірақ дене шынықтыруды оқыту практикалық материалдың үлкен көлемін қамтиды, осыған байланысты мұғалім практикалық материалды ұсынудың жаңа формаларын іздеуге тура келеді. Әрі әр спорт залында интерактивті тақтаны, проекторды, компьютерді және т. б. орналастыру мүмкіндігі жоқ.

Біздің ойымызша, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану бұл мәселені тиімді шешуге мүмкіндік береді. Біз өз жұмысымызда өзіміздің цифрлық білім беру ресурстарымызды (ЦБР) немесе интернет желісінің педагогикалық қоғамдастықтарында орналастырылған материалдарды, пән бойынша электрондық оқулықтарды пайдаландық. [3]. Оқу сабақтары университет бекіткен платформаларда өткізілді. Пандемия, төтенше жағдай, карантин жағдайында білім беру процесі қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Қашықтықтан білім берудің негізгі жүйесі LMS Moodle болып табылады. Moodle-мен қатар ЖОО басқа білім беру технологияларын қолдайды: Zoom, Google Classroom, YouTube арналары арқылы.

Қашықтықтан оқыту үшін қажетті техникалық құралдар:

- дербес компьютердің, ноутбуктың, планшеттің немесе смартфонның болуы;
- камера мен құлаққаптың болуы;
- интернет желісіне қолжетімділік; LMS Moodle қолжетімділік (қолданыстағы логин және пароль)

Студенттердің қашықтықтан оқыту қажеттілігін зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер		Жауап	%	Барлығы
Интернеттің болуы	барлығы	26	92,85714	28 адам
Ақпарат көзі		63		
-интернет		26	41,26984	
-оқытушылармен жеке қарым-қатынас		2	19,04762	
-ғылыми әдебиет		8	12,69841	
-телевидение		5	9,52381	
-әдістемелік-практикалық сабақтар		11	17,460032	
Қашықтықтан оқуға мүдделілік	барлығы	26		
Мүдделі		6	21,42857	
Мүдделі емес		8	21,42857	
Қашықтықтан оқу тек күндізгі оқу, оқу бағдарламасымен біріктіру арқылы мүмкін		12	57,14286	
«Дене шынықтыру» пәнін қашықтықтан оқытудағы проблемалар	барлығы	31		
Нормативтерді дайындықсыз тапсырудың қиындығы		15	35,48387	
Үлгіні көрсету мүмкіндігінің жоқтығы		3	9,677419	
Оқытушылармен қарым-қатынастың болмауы		9	25,80645	
Дене белсенділігінің болмауы		4	19,354838	
Оқыту әдістемесінің жоқтығы		0	9,677419	

Экспериментке М. Қозыбаев атындағы СҚУ КЕАҚ күндізгі оқу бөлімінің 1 - курс студенттері қатысты. Күндізгі оқу бөлімінің студенттері «дене шынықтыру» пәні бойынша дәстүрлі әдіспен оқиды, оған теориялық және практикалық сабақтар, нормативтерді тапсыру кіреді. Студенттер келесі мәселелерді көрсетті:

1. Нормативтік жаттығуларды бағалаудағы қиындық. Студенттерді даярлау процесінде дене жаттығуларын орындаудың дұрыстығын бағалау маңызды сәт болып табылады.
2. Оқытушымен іскерлік байланыстың шектеулі болуы. Студенттерге түсіну үшін оқытушыға жеке сұрақтар қою маңызды.
3. Дене белсенділігінің жеткіліксіздігі.

Дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің тапсырмаларды орындамау ықтималдығы жоғары. Бұл қашықтықтан оқытудың жалғыз мәселесі еместігі анықталды. Қашықтықтан оқыту процесінде студенттер мен оқытушылар тағы да бірқатар проблемаларды анықтады.

1. Интернет ресурстарының техникалық ақаулығы, тұрақты жоғары жылдамдықты интернеттің жоқтығы, студенттер мен оқытушылардың компьютерлік техникасының жетіспеушілігі.
2. Көптен жұмыс істеп келе жатқан кейбір оқытушылардың онлайн оқыту әдістемелері және қашықтықтан білім беру дағдылары жайлы түсінуінің болмауы.
3. Дене шынықтыру бойынша жұмыс бағдарламаларын электрондық форматқа көшіру, электрондық ақпараттық-білім беру саласының болмауы.
4. Оқытушыларға еңбекақы төлеуді нормалау. Қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу.

Туындаған барлық қиындықтар мен мәселелерге қарамастан, студенттер қашықтықтан оқытудың көптеген қолайсыз жақтары бола тұра осы әдіспен білім алуға болатындығын атап өтті. Технологияның дамуына байланысты оқытушылар виртуалды байланыстың адаммен көзбе-көз тірі байланысты алмастыратындығын түсінеді. Қашықтықтан оқыту әдістері көптеп пайда болуда.

Қорытынды. Қашықтықтан білім беруді дене шынықтыру пәнінде қолдану бірқатар мүмкіндіктер береді, формалар мен әдістердің әртүрлілігі оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын арттырады, оқу процесін қызықты етеді, студенттердің пәнді оқуға деген ынтасын арттырады. Оқытудың жаңа әдістерін іздеу оқытушыға кәсіби дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді. Бірақ, сонымен бірге оқытушылар қашықтықтан оқытуға тән оқытудың жаңа тәсілдерін, әдістері мен құралдарын игеруде қиындықтарға тап болуда.

Әдебиет

1. Овчинникова И.Г. Управление качеством образования и современные средства оценивания результатов обучения // Теория управления качеством образования. – 2015. – № 1. – С. 12-21.
2. Волков В.Ю. Компьютерные технологии в физической культуре, оздоровительной деятельности и образовательном процессе // Теория и практика физической культуры. – 2001. – № 2. – С. 60-63.
3. Петров П.К. Информационная компетентность как основа для формирования профессионализма будущих специалистов по физической культуре и спорту // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – 2010. – №3. – С. 51-55.
4. «COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде оқу процесін қашықтықтан білім беру технологияларына көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 135 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

УДК 372

ГИПОДИНАМИЯ - ӨРКЕНИЕТ АУРУЫ

Парпиева К.У.¹, Ускенбаева А.У.²

(¹Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті, ²№86 мектеп-гимназиясы, Нұр-Сұлтан қ.)

Қазіргі уақытта әлеуметтік экономикалық даму кезеңінде денсаулық сақтаудағы жеке тұлғаның рөлі көтерілуде. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан – 2030» жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда денсаулықты сақтаудың маңызы туралы және салауатты өмір салтын дамытудың қоғам үшін аса қажеттігі туралы айтып өткен болатын [1]. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құжаттарында: Қазақстан Республика Ата заңы, «Білім туралы» Заңында, «Білім» атты мемлекеттік бағдарламада жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша белсенді іс-шаралардың қажеттігі мен мемлекеттік маңызды басымдылық ретінде көрсетілгендігі жайдан емес.

Денсаулықты сақтау мен қайта қалпына келтіру әр адамның өзіне байланысты. Ол оған әрекеттену мен еңбектің арқасында жетеді. Денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір салтына оң ықыласпен қарағаны жөн. Бұл ретте оқушы тұлғасы ең құнды дүние болып табылады. Денсаулық көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін фактор бұл өмір сүру салты, қазіргі кезде оларға тәрбие, тамақтану тәртібі, әдеттер, қозғалыс белсенділігі, бос уақытты ұйымдастыру жатады. Денсаулықты сақтау мектептің оқу үрдісінің бір бөлігі болып келеді. Ол денсаулық сақтау технологияларында, денсаулық сақтау ортасын құруда, мұғалімдердің, оқушының денсаулық мәдениетін қалыптастыру мақсатында бірнеше мамандардың бірлескен әрекеттерінде көрініс табады. Дегенмен, мұғалімдер денсаулық сақтау технологияларын үнемі қолданбайды. Оқушыларда өз денсаулығына деген қамқорлық қалыптаспаған, көпшілік балалардың денсаулықты

сақтау туралы түсінігі төмен, өз денсаулығын сақтау мен нығайтудың қарапайым біліктері мен дағдылары қалыптаспаған. Денсаулық – тек қана әрбір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның маңызды құрылымы. Біз жақын және қымбат адамдарды кездестіргенде, олармен қоштасқанда мықты денсаулықты тілейміз, себебі бұл толыққанды әрі бақытты өмірдің кепілі. Денсаулық бізге құрған жоспарларды орындауға, өмірдің басты амалдарын орындауға, қиындықтарды өткеруге, ал қажет болса тым көп жұмыс орындауда көмектеседі. Жүйелілік сақталатын және адамның өзі шынықтыратын денсаулық адамдарға ұзақ және қозғалыста болатын өмірді қамтамасыз етеді. Мимен ұзақ уақыт және көп ойлайтын адамдардың арасында теріс үрдістерді жоюдың жалғыз ғана мүмкіндігі – белсенді демалыс және ұйымдастырылған дене қозғалысы. Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысқан кезде адам ағзасында үздіксіз даму процесі болады. Осыдан байқайтынымыз дене шынықтыру денсаулықты жақсартудың басты кепілі. Дене шынықтыру оң эмоциялар береді, сергектік байқалады, жақсы көңіл-күй пайда болады.

Адам ағзасының дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қаңқалы бұлшықеттердің белсенділігі болуы қажет. Бұлшық еттік аппараттың жұмысы ағзаның барлық жүйелерімен тікелей байланысты. Қимыл-қозғалыстың жеткіліксіздігінен адам ағзасындағы барлық жүйелердің қалыпты жұмысы бұзылып, салдарынан - гипокинезия және гиподинамия (қимыл аздығы) пайда болады. [14-15]

Гипокинезия – өмір сүру салтының салдарынан ерікті қозғалыс көлемінің азаюы (қозғалыстың аздығы ...) Ең жақын болатын түсінік – гиподинамия. Гиподинамия – (қозғалыстың төмендеуі, грек тілінен күш жетіспеушілігі) дененің қимыл белсенділігінің қалыптан төмен болуы, салдарынан, артық салмақтың болуы және деңгейіне байланысты – гипертония, қант диабеті, жүрек қызметінің жеткіліксіздігі келіп шығады. Бала мектеп жасына ілінбей-ақ қимыл белсенділігі аз болса, соған орай дененің артық салмағының болуы мүсіннің бұзылуына әкеліп соғады немесе көп қимылдап жүрген балаға мектепке келген соң қимылдың, қозғалыстың шектеліп қалуы әсер етеді.

Ол жүрек (қан айналым), өкпе (тыныс алу жүйелері), диабет, психологиялық күйзеліс, түрлі жұқпалы ауруларға жол ашады.

Қимыл аздығы дене еңбегінен адамның босауы, кейде өркениеттің ауруы деп те атайды. Қимыл аздығының салдарынан, бүкіл ағзада кері өзгерістер байқалады, семіру және атеросклероз келіп шығады. Адамдар мұндай жағдайда ауыршаң болып қалады.

Гиподинамияның пайда болу себептері.

Адамдар уақытын қажетті дене күш жүктемелері болмағандықтан көбіне көп отыруға арналған немесе жату қалыпында өткізеді. Көбінде барлық жүктеме біздің автокөлікпен шығып үйге кіру жолымен шектеледі. Бұлшық еттер жұмыссыз қалғандықтан әлсізденіп бастайды да, күш және шыдамдылық азаяды, жүйке жүйесіне де әсер етеді.

Мүсіннің бұзылуына әсер етуші жағдайлар:

- дұрыс жүрмеу, дұрыс отырмау;
- дұрыс тамақтанбау;
- үнемі бір қолмен жүк көтеру;
- аурудан ағза әлсірегенде және т.б.


Осылардан салдарынан сырт келбет бұзылады, ішкі ағзаға да әсері, өкпе мен жүрек қызметіне әсері болады, сондықтан қан айналымы дұрыс болмайды. Статистикалық есеп бойынша мектеп оқушыларының 85 пайызы гиподинамияға шалдығады екен. Себебі, олар сабақ уақытын есептемегенде 24 сағат аптасына теледидар алдында отырады. Ал, аптасына болатын 3 сағат дене шынықтыру сабағы дене қозғалысының орнын толтыра алмайды.

Олай болса, сабақтан тыс кезде баланың дене жаттығуларымен айналысу қажеттігін қалыптастыру қажет. Ол жаттығу жұмыстары әр кісінің ағзасы мен жағдайына қарай жеке жүргізілуі және үнемі жаттығуды дағдыға айналуына күш салу керек.

Қазақ халқында «Газалық – денсаулық негізі. Денсаулық – байлық негізі» деген мақал бар.

Денсаулық: физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік болып бөлініп, бір-бірімен тығыз байланыста болады.

- физиологиялық – бұл бүкіл ағзаның мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмысы, жоғары деңгейдегі қалыпты қызметі мен ауруға қарсы тұру мүмкіндігі;
- психологиялық – өзіңе деген мол сенім, өз ой-сезіміңді басқара білу;
- әлеуметтік – өз денсаулығымызды дұрыс басқара білу және қоршаған ортаға зиян келтірмей тіршілік ету.



Физикалық даму – балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарының негізгі көрсеткіштері. Бұл бірқатар әлеуметтік және биологиялық көрсеткіштерге байланысты болады. Ағзаның физикалық даму ерекшелігін білудің маңыздылығы ағзадағы патологиялық өзгерістердің алдын алуға мүмкіндік береді. Физикалық дамудың көрсеткіштері деп бойдың биіктігі, салмақ, кеуденің көлемі, басы және физикалық жағдайының көрсеткіштері: тамырдың соғуы, сала тамыр қысымының көрсеткіші, бұлшық ет күші аталады. [33-38 б.]

Денсаулықты сақтауға кедергі болатын қауіп факторлары:

1. Тұқым қуалайтын аурулар.
2. Дұрыс тамақтанбау.
3. Салмақтың шамадан тыс артық болуы.
4. Гиподинамия.
5. Кикілжің жағдайлар.
6. Зиянды әдеттер.
7. Қоршаған ортаның ластануы.


Қазіргі әлемдегі гиподинамияның өсуі.

Ғылыми техникалық прогресс адамзаттың өмір сүру жағдайына көптеген өзгерістер мен жаңалықтар ала келді. Физикалық еңбек бірте-бірте ой және эмоциялық жүктемелер мен ауыстырылды. Ғылыми-техникалық прогресс біздің өмірімізге осы пайдалылығымен бірге өзінің теріс жақтарын да ала келді, яғни: қозғалыстың аздығынан адам салмағының артуы, сонымен бірге зиянды әдеттер – темекі шегу мен алкогольдік ішімдіктерді қолдану т.б. Бұл жағдайлар әр түрлі аурулардың пайда болу мүмкіндіктерін туғызатын қауіпті факторлар болып есептелінеді. Қазіргі заманда осы негізгі қауіпті факторларды жою үшін адамдардың күнделікті өмір сүру салтына дене тәрбиесі жаттығуларын қолданудың маңызы өте зор.


Адам денсаулығына зиян келтіретін факторлардың бірі – қимыл тапшылығы немесе гиподинамия. Денсаулықтың кепілі, адамның еңбекке деген қабілеті қай жаста

болса да, ағзадағы барлық мүшелердің қызметіне, соның ішінде әсіресе дамылсыз соғып тұрған жүрекке байланысты.

Физикалық белсенділік – денсаулықты сақтау үшін қажетті. Спортпен міндетті түрде шұғылдану, жаяу жүру серуендері ағзаға оң әсер береді .



Оқушыныңпартада бұрыс және дұрыс отыруы



Баланың дұрыс отырмауының салдарынан скалиозға ұшырауы

Гиподинамияның алдын алу шаралары.

Қозғалыс белсенділігін арттыру тәсілінің ең тиімдісі – спорт пен белсенді демалыс. Аптасына үш рет спорт залға барып шынығу. Демалыс күндері, мүмкіндікке орай қала сыртына шығып дем алу.

Дұрыс тамақтану тәртібін сақтау – бала ағзасының дұрыс өсуінің бір себебі.

Алдын алу: қатты төсек пайдалану, аласа жастық пайдаланатын төсек орын бала бойына сәйкес болуы керек. Түсетін жарықтың дұрыс болуы, отыратын орындық жас ерекшелігіне сай болуы қажет.

Құтылу жолы: емдік гимнастика, бұлшық еттерді шыңдау (жаттығу түрлері, сарамандық жұмыс). Адамның сымбатты, сұлу көрінуі оның жүрісіне тікелей байланысты. Сондықтан денені тік ұстап жүру керек.

Спортпен жүйелі түрде шұғылдану денсаулықты нығайтудың дұрыс жолы. Физикалық жаттығудың негізгі шарттарының бірі жүйеліліктің қағидасы болып табылады. Жүйелілікті қатаң қолдансаңыз күтілген нәтижеге әлбетте жетесіз.

Сарамандық жұмыс.

Қозғалыс белсенділігінің деңгейін анықтауға арналған зертеу жұмысы сұрақ-жауапты анкета ретінде алынды.

1. Бір тәулікте қанша қозғалыста боласыз?
2. Таңертеңгі бой жазу жаттығуларын орындайсыз ба?
3. Аптасына 3 рет болатын дене шынықтыру сабағы қажет деп ойлайсыз ба?
4. Спортпен айналысу керек пе?
5. Сіз спортпен шұғылданасыз ба?
6. Компьютерде көп уақыт отырарсыз ба?
7. Демалыс күндері спортпен айналысасыз ба?
8. Пәтеріңізге лифтпен шыққанды әлде баспалдақпен шыққанды қалайсыз ба?
9. Дене шынықтыру сабағы ұнайма сізге?
10. Жылдың қай мезгілінде сізде қозғалыс белсенділігі арта түседі?

Зерттеу: жүрек-тыныс жолдарының шыдамдылығын анықтау Зерттеу мақсаты – әр түрлі жаттығулар әсерінен спортпен шұғылданатын және шұғылданбайтын


балалардың жүрек соғысының көрсеткішін анықтап, оқушыларға белсенді қозғалыстың пайдасы жайында айту. Ең алдымен балалар өз тамыр соғысын санайды, содан соң оларға әлсіз ғана жаттығу берілді де, біткен соң тамыр соғысын қайта санайды. Нәтиже мынадай болды:

Жынысы	Тамыр соғысының көрсеткіші (1 минуттағы)				
	Өте жоғары	Жоғары	Орта	Төмен	Өте төмен
Қыздар	82	76	65	60	55
Ұлдар	72	68	62	60	55



Зерттеу нәтижесі

Сыныптар	Қозғалыс белсенділігінің орташа көрсеткіштері				
	күз	қыс	көктем	жаз	жыл бойы
10-11	төмен	төмен	төмен	төмен	төмен
9	орта	орта	орта	орта	орта
8	жоғары	жоғары	жоғары	жоғары	жоғары

Денсаулықты сақтаудың негізгі факторы дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі. Күн тәртібі оқушыларға қажетті қозғалыс режимімен өте тығыз байланысты. Сондай-ақ ол табиғи қажеттілікті орындауға (тамақтану, ұйықтау, оқу) ғана емес, денсаулықты сақтау мен оны нығайтуға жұмылдырылып, спортпен айналысуды және дене еңбегін орындауды міндеттейді. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібін дағдыға айналдыру – денсаулықты сақтаудың бірден-бір кепілі.



Қозғалыс белсенділігі ең жоғары кезең 8 – сыныптарда, орта 9 – сыныптар, ал төмен 10-11 – сыныптарда



Бала анатомиясы мен физиологиясы бойынша кесте.
(Л.И. Санюкевич, Минск, жоғары мектебі, 1985)

Балалардың дамуының орташа көрсеткіштері

№	Жасы	Ұл бала		Қыз бала	
		Бойының ауытқуы	Салмақтың ауытқуы	Бойының ауытқуы	Салмақтың ауытқуы
1	7	124,2+ -5,04	24,2+ -4,02	22,5+ -5,32	23,9+ -4,18
2	8	126,5+ -5,13	26,3+ -4,12	125,7+ -5,40	25,5+ -4,21
3	9	131,2+ -4,99	29,1+ -4,21	130,6+ -5,84	29,2+ -4,95
4	10	136,2+ -5,29	32,2+ -5,45	136,5+ -6,47	32,6+ -6,11
5	11	140+ -6,20	33,4+ -4,4	140,9+ -6,6	33,8+ -5,6
6	12	144,8+ -7,9	36,4+ -5,9	146,4+ -7,8	38,5+ -5,6
7	13	151,4+ -8,5	41,7+ -7,3	52,2+ -6,7	43,7+ -6,6
8	14	157,5+ -9,3	46,8+ -8,4	155,1+ -6,2	47,3+ -6,4
9	15	163,6+ -8,1	52,9+ -8,4	157,5+ -5,3	51,2+ -6,7
10	16	168,3+ -7,5	58,0+ -8,2	158,6+ -5,4	53,2+ -6,4
11	17	170,5+ -6,2	62,2+ -4,7	158,8+ -5,2	55,7+ -5,5
12	18	173,2+ -5,23	64,4+ -6,9	160,8+ -5,67	58,1+ -7,37

Осы кесте арқылы жас ерекшеліктерін ескере отырып, бойдың биіктігі мен салмағын анықтауға болады. Егер де стандартты өлшемдерден олардың жеке көрсеткіштері тек қосу, алу бір бірлікке ауытқуса ғана оқушының орташа физикалық дамуы дұрыс деп есептелінеді. Ал, егер де ауытқу +2-ге бағаланса онда даму процесі қалыпты орташадан артық немесе жоғары деп саналады. Ал керісінше ауытқу -2-ге бағаланса онда даму қалыпты орташадан кем немесе аз деп саналады. Егер де көрсеткіштер 3-ден жоғары немесе төмен болса, ата-анаға баланы дәрігерге көрсету қажет.

Жас ерекшелігіне қарай сала тамыр қысымының көрсеткіштері

Жасы	Сала тамыр қысымы, мм. сын. Бағ.		
	Максимальді систолик	Минимальді диастолик	Тамыр соғуы максимальді және минимальді қысымының айырмашылығы
Нәрестеде	70	34	36
1	90	38	52
3	96	58	38
7	99	64	35
13	117	73	44
16	120	75	45
Есею	100-120	65-75	35-45

Осының нәтижесінде адам ағзасының уақыт өтуіне байланысты қандай өзгерістерге ұшырайтынын анықтаймыз.

Жүйелілік сақталған дене дайындығы туралы оқушылардың қорытындысы.

«Біз қаңтар айының бірінші жұлдызынан бастап, жүйелі түрде жүгірумен айналыстық. Осы жүгіруді бастағалы біз мұғалімнің кеңесімен күн тәртібін, тамақтану тәртібін түзіп алып, соны ұстанып келеміз. Бұл күн тәртібін ұстанғалы біз өз уақытымызды үнемді пайдаланатын болдық және тамақтану тәртібі де реттелді. Жүгіруге үнемі жүйелі түрде аптасына 3 рет барып тұрамыз. Жүгіруді ең алғаш бастаған 2-3 күнде қатты шаршап жүрдік, кейін біраз уақыт өткен соң, керісінше шаршамайтын болдық, шыдамдылыққа үйрендік. Адам ағзасының 70-80 пайызы судан тұратындықтан, бізге мұғаліміміз суды көп ішу керектігін айтып түсінтірді (2-2,5 л). Сол кезден бастап тамақтану тәртібіне сүйеніп келеміз, бұл бізге оң нәтижесін беріп жатыр. Күні бойына өзімізді жеңіл, жақсы сезінеміз, артық салмағы бар қызымыз 3-4 кг салмақ тастады, біз де біршама салмақ тастағанымызды байқадық.

Біз осы тақырыпты зерттеу барысында көптеген оқушылардың, тіпті үлкен кісілердің қозғалыс белсенділігінің төмен екенін байқадық. Мектепте орта буын оқушыларының қозғалыс белсенділігі жоғарғы буын оқушыларына қарағанда біршама жоғары болды. Себебі, олар бос уақытында үйде теледидар немесе компьютер алданда отырмай далада серуендеуді, ойнауды ұнатады екен. Ал жоғары буын оқушылары керісінше үйде отыратын болды. Тек спортпен жүйелі шұғылданатын оқушылардың бос уақыты болмайтынына көз жеткіздік,

Біз осындай жүйелі түрдегі жүгірудің арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жатырмыз, сол үшін мұғалімімізге алғыс білдіреміз, және де баршанызды күн тәртібін ұстануға, жүйелі түрдегі дене жаттығуларымен айналысуға шақырамыз.» Дене тәрбиесі жаттығуларын гиподинамияның әсерінен пайда болған көптеген аурулардың профилактикасы ретінде қарастыруға болады. Адамның денсаулығының тез жақсаруы және еңбек қабілетін қалпына келтіру кезінде дене шынықтыру жаттығуларын емдік шара ретінде қолдану өте дұрыс. Емдік дене шынықтыру жаттығулары ауру немесе сырқат адамның денсаулығын жақсарту және еңбек қабілетін қалпына келтіру мақсатында емдік профилактикалық әдіс ретінде қолданылады. Емдік дене шынықтыру дене тәрбиесінің бір бөлігі ретінде, дене күшінің дамуына, қимыл-қозғалыстың жылдамдығының артуына, ептілікті, батылдықты, төзімділікті және басқа да адамның еңбек пен қоғамдық өміріне қажетті физика-психологиялық қасиеттерді дамытуға өз үлесін қосады. Сондықтан да дене шынықтыру жаттығуларын қолданудың тек емдік қана емес, сонымен қатар тәрбиелік мәні де зор. Үйді, автокөлікті, саяжайды, тағы да басқа қымбат дүние мүлікті сатып алуға болады, ал денсаулықты сатып алуға болмайды. Салауатты өмір салтын ұстану адамның өмір жасын ұзартып, денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Шынығудың негізгі ережелері: жүйелілік, оны біртіндеп бастау, әр адамның өзіндік ерекшеліктерін ескеру.

Адам организмінің дамуы мен бойының өсуіне күн сәулесімен шынығудың да (күнге күйу) пайдасы зор. Сонымен бірге ол әртүрлі ауруға төзімділікті күшейтеді. Адам дұрыс шыныққан жағдайда өзін-өзі жақсы сезініп, ұйқысы қалыпты болады. Гиподинамия салдарынан болатын аурулардың алдын алу мақсатында әрбір адам қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында орын алып отырған қиындықтарға қарамастан өз денсаулығына аса мұқияттылықпен қарағаны дұрыс. Адамзаттың данасы Аристотельдің «қозғалыс – өмір өзегі» деген қағидасын әр адам күнделікті тіршілігінің бағдарламасы деп түсінуі керек.

